



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ПРЕЗИДЕНТ

ЕУРАЗИЯЛЫҚ КЕҢЕСТЕГІ ЖАҢА БЕЛЕС

Мемлекет басшысы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысына қатысты.



Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің мемлекеттер басшылары Тәуелсіздік сарайында шағын құрамда бас қосып, экономикалық интеграцияны одан әрі дамыту перспективасын талқылады.

Жиынға Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян (бейнебайланыс арқылы),

Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин қатысты.

Одан кейін Мемлекет басшысы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кеңейтілген құрамдағы отырысына қатысты.

Жиында Еуразиялық экономикалық одақтың негізгі серіктестерімен сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға қа-

тысты өзекті мәселелері талқыланды. Сондай-ақ өнеркәсіп, көлік және логистика, аграрлық сектор, цифрландыру және жасанды интеллект секілді басты бағыттар бойынша өзара тиімді ықпалдастық перспективасы қарастырылды.

Отырыста Иран Президенті Масуд Пезешкиан (бейнеүндеу форматында), Куба Президенті Мигель Марио Диас-Канель Бермудес, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Абу Дабидін Так мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян, Моңғолия Премьер-министрінің бірінші орынбасары Учрал Ням-Осорын сөз сөйледі.

Жиын соңында бірқатар құжатқа, соның ішінде Моңғолиямен сауда келісіміне және Біріккен Араб Әмірліктерімен экономикалық серіктестік жөніндегі келісімге қол қойылды.

Келесі жылы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңеске Қазақстан Республикасы төрағалық етеді.

АЛАҢ

ҚАЛАМ МЕН ҚОҒАМ:

БАСПАСӨЗДІҢ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр секілді» деген еді. Осыдан 33 жыл бұрын Қазақстанда тек 10 республикалық мемлекеттік газет пен журнал шығарылса, қазір олардың саны 3 985-ке жетті. Басылымдардың әрқайсының қағаз ғана емес, сандық нұсқасы да бар.



→ 6-7

ПАРЛАМЕНТ

БЮДЖЕТ АТҚАРЫЛУЫ – БАҚЫЛАУДА

Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошановтың төрағалығымен палаталардың бірлескен отырысы өтті. Онда депутаттар Конституциялық Соттың жолдауын тыңдап, Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның өткен жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітті.

Депутаттар алдымен Конституциялық Соттың «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» жолдауын тыңдады.

— Бүгінде бізге азаматтардан он жарым мыңнан астам өтініш келіп түсті, оның шамамен үштен бір бөлігі соңғы бір жарым жылға тиесілі. Басым бөлігі қылмыстық, әкімшілік, азаматтық,



жер, салық және әлеуметтік заңнаманың нормаларына қатысты. Сондай-ақ заңнаманы жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар, қолданыстағы заңнаманың нормаларын құқықтық түсіндіру туралы өтініштер бар, — деді Конституциялық Сот төрайымы Эльвира Азимова.

Сондай-ақ ол конституциялық заңдылық көп жағдайда жоғары сапалы норма шығарумен байланысты екеніне назар

аударды. Конституциялық Сот өз қызметін бастағаннан бері 400-ге жуық қаулы қабылдады. Қазір заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің нормаларын тексеру нәтижелері бойынша 14 қаулы орындалып жатыр.

Эльвира Азимова қазіргі өзінде депутаттар бастамашы болған бірнеше заң жобасында Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдары мен қоры-

тындыларына қатысты заңнамалық ұсыныстар пакеті бар екенін атап өтті. Ол сондай-ақ заңнамалық бастама аясында ойын бизнесін реттеудегі құқықтық екіұшылықты жоюға, зейнетақы жинақтарын сақтандыру мен қорғауға және басқа да мәселелерге қатысты кодекстер мен заңдарға өзгерістер енгізуді ұсынды.

Баяндамаларды тыңдаған соң парламентшілер Конституциялық Соттың жолдауын назарға алды.

Бұдан соң Парламент депутаттары Үкімет пен Жоғары ау-

диторлық палатаның 2024 жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін тыңдады. Қаржы министрі Мәди Такиев пен Жоғары аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайылов баяндама жасады.

Мәжіліс депутаты Ұласбек Сәдібеков қосымша баяндама-сында қаржының игерілуіне қарамастан, бюджет процесінің сапасы жеткіліксіз деңгейде қалып отырғанын, жүйелі проблемалар бар екенін баса айтты.

(Жалғасы 2-бетте)

ӨКІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысы 2025 жылғы 30 маусымда сағат 11.00-де Астана қаласында шақырылсын», — деп жазылған Өкім мәтінінде.

САЯСАТ

28 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

ПАРЛАМЕНТ

БЮДЖЕТ АТҚАРЫЛУЫ – БАҚЫЛАУДА

(Басы 1-бетте)

— Экономикалық көрсеткіштер бұл үрдісті растайды. Жыл қорытындысы бойынша жалпы ішкі өнімнің өсімі 4,8 пайызды құрады. Бұл көрсеткіш Үкімет болжаған деңгейден (5,3%) де, былтырғы нақты нәтижеден (5,1%) де төмен болып отыр. Бұл бюджет қаражатының нақты секторға жеткілікті деңгейде әсер ете алмағанын білдіреді. Мұның себептерін ең алдымен бюджеттің қалыптастырылуы мен орындалу сапасынан іздеу қажет, — деді Ұ.Сәдібеков.

Ұласбек Сәдібеков биылдан бастап жаңа редакциядағы Бюджет кодексі күшіне енгенін еске салды. Оның нормалары барлық деңгейдегі бюджет бағдарламалары әкімшілерінің қаражатты игермегені, жобаларды уақытында іске асырмағаны және нәтижесіздігі үшін жеке жауапкершілігін күшейтуге бағытталған. Сонымен қатар шығыстардың тиімділігін міндетті түрде алдын ала және кейінгі бағалау енгізілген.

Сенат депутаты Сұлтанбек Мәкежанов та қосымша баяндама жасады.

Талқылау барысында Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы Татьяна Савельева республикалық бюджеттің кірістерінің қысқару мәселесін көтерді. Депутаттың айтуынша, 2023 жылмен салыстырғанда экономиканың өсімі 4,8 пайыз болғанымен, бұл көрсеткіш 1 триллион теңгеге азайған. Әсіресе, қосылған құн салығы айтар-



лықтай төмендеген (8,3 пайызға), оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 4,7 пайыздан 3,8 пайызға дейін азайған.

Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров соңғы екі жылда Ұлттық даму жоспарында айтылған негізгі міндеттер орындалмай қалып отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, биыл мемлекеттік қарызға қызмет көрсету және өтеу шығындары 6,1 трлн теңгені немесе барлық бюджет кірісінің 38 пайызын құрайды.

— Ұлттық қордың қаражаты соңғы 10 жылда республикалық бюджеттің 30 пайызын жауып келеді. Мұнайға қатысты емес тапшылық жалпы ішкі өнімнің 8 пайызын құрайды. Жеке инвестициялардың үлесі азайып отыр,

іскерлік ортаны нығайтудың орнына қосылған құн салығын қайтару үлкен проблема болып тұр. Бюджеттің атқарылуы стратегиялық міндеттерді шешуге емес, бюджеттің жыртығын жабуға бағытталған. Бұл ретте Үкіметтің қолында жаңа Бюджет кодексі, жаңа Салық кодексі, Ұлттық даму жоспары бар. Бірақ есепте ұсынылған материалдарда ұлттық перспектива көрінбейді, елдегі прогрестің нақты көрсеткіштері жоқ, — деді Е.Саиров.

Сондай-ақ депутаттар жауапты мемлекеттік органдарға нақтылау сұрақтарын қойды. Оның ішінде республикалық меншікті жекешелендіру ауқымы мен оның бюджет пен Ұлттық қордағы көрінісі арасындағы сәйкессіздік, жеке

инвестициялар үлесінің қысқаруы, Үкіметтің инвестициялық белсенділікті қалпына келтіру және өндірісті қолдау шаралары, инфляцияны тежеудегі базалық мөлшерлеменің тиімсіздігінің себептері және басқа да мәселелер көтерілді.

Бұдан соң Парламенттегі алты саяси партияның фракциялары республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерге қатысты өз ұсыныстарын берді. Мәжілістегі Қазақстан халық партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы және «Ақ жол» партиясы фракциялары қарсы дауыс берсе, «Ауыл», Respublica және «AMANAT» фракциялары құжаттарды бекітуді қолдады.

«AMANAT» фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев жаһандық сын-қатерлерге қарамастан, Үкімет экономикалық өсімге қол жеткізіп жатқанын, былтырғы барлық әлеуметтік міндеттеме орындалғанын атап өтті. Сондай-ақ экономикада жалпы ішкі өнім 6 пайызға, Ұлттық қор мен алтын-валюта резервтері 112 млрд долларға өскен. Кәсіпкерлерге 1,2 трлн теңге көлемінде қосылған құн салығы қайтарылып, бюджетке 1,3 трлн теңге қосымша түсім түскен. Бұл ретте депутат халықтың әл-ауқатын арттыру Үкімет пен Парламенттің ортақ міндеті екенін және бұл бағыттағы жұмысты алдағы уақытта да депутаттар бірлесіп атқаруға дайын екенін айтты.

Талқылау қорытындысы бойынша парламентшілер Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2024 жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекіту туралы шешім қабылдады. Парламент мемлекеттік органдармен бірлесіп, анықталған проблемаларды шешу бойынша ұсыныстар әзірлеп, Үкіметке жолдады.

Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан Республикасының орнықты дамуы саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның жаңартылған құрамы бекітілді. Оның құрамына бұрынғы депутаттар Асқар Садықов пен Гауһар Танашеваның орнына Мәжіліс депутаттары Серік Ерубаев пен Ирина Смирнова кірді.

СЕНАТ

«ПАРАСАТ» БАЙҚАУЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күні қарсаңында Сенатта журналистер арасындағы «Парасат» байқауының жеңімпаздары марапатталды. Іс-шара барысында палата Спикері Мәулен Әшімбаев медиа өкілдерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, жүлделерін салтанатты түрде тапсырды.

Сенат Төрағасы байқау лауреаттарын құттықтай келе, қоғамдық пікір қалыптастыру және ұлтты ортақ мүддеге ұйыстыру жолында бұқаралық ақпарат құралдары маңызды рөл атқара-

тынын айтты. Сондай-ақ ол журналистер мемлекет пен азаматтар арасындағы алтын көпір, әлеуметтік ахуалдың барометрі екеніне назар аударды. Шын мәнінде, БАҚ өкілдері елде болып жатқан

өзгерістердің мәнін халыққа жеткізіп, әртүрлі көзқарасты көрсетеді. Мәулен Әшімбаев өз сөзінде елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси бағдарының басым бағыттарына тоқталып, кездесуге қатысушыларға әділетті, қауіпсіз, таза және қуатты Қазақстанды құруға қосып келе жатқан белсенді үлестері үшін алғыс айтты.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен елімізде кешенді реформалар іске асырылып жатыр. Олар экономиканы әртараптандыру, өмір сүру сапасын жақсарту және азаматтардың әл-ауқатын арттыруды көздейді. Сапалы біліммен және медициналық қызметпен қамтамасыз ету мәселелеріне баса мән берілуде. Азаматтардың елімізде болып жатқан өзгерістер жөнінде толық және объективті ақпарат алуы сіздерге тікелей байланысты. Сондықтан журналистердің қызметі қашанда құрметке лайық. Осы ретте журналистердің парламенттік пулының жұмысына да ерекше тоқталғым келеді. Сіздер Сенаттың Мемлекет басшысының рефор-

маларын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуге арналған қызметін дәйекті және жедел насихаттап, қабылданған заңдардың мәнін түсіндіріп, әділетті, қауіпсіз, таза және қуатты Қазақстан құруға елеулі үлес қосып келесіздер», — деді Сенат Төрағасы.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев палата жұмысының қорытындысына назар аударып, сенаторлардың өңірлерде өткізген көшпелі отырыстарынан хабар тарату арқылы қоғамды толғандырған өзекті мәселелерді оң шешу ісінде БАҚ-тың ықпалы зор екенін тілге тиек етті. Депутаттық сауалдарды, тұрақты комитеттердің қызметін және қаралатын заңдарды уақытылы әрі объективті жариялаудың маңызды екені де сөз болды.

Жалпы, биыл Сенат ұйымдастырған «Парасат» байқауына 100-ден астам жұмыс келіп түсті. Авторлардың қатарында телеарналардың, баспасөздің, ақпарат порталдарының және өзге де отандық медианың журналистері бар.

Үздік телевизиялық материал: Азамат Нұғманов (Qazaqstan телеарнасы), Ботагөз Базарбаева («24KZ» телеарнасы), Анна Абрамова («КТК» телеарнасы).

Мерзімді баспасөздегі үздік материал: Гүлнәр Жолжанова (Egemen Qazaqstan газеті), Гүлжиган Тұрсынова («Жетісу» облыстық газеті), Раушангүл Нұршаева («Литер» газеті).

Интернет-басылымдағы үздік жарияланым: Жанар Сердалина (BestNews.kz ақпарат агенттігі), Надежда Алишпаева (Tengrinews.kz ақпарат агенттігі).

Әлеуметтік желілердегі үздік жазба: Ержан Жаубай — журналист. Жылдың арнайы сыйлығы — «Үздік аналитикалық материал»: Ақбөпе Тәңірберген және «Еуразия Бірінші арнасы» телеарнасы «Заң мен Ел» бағдарламасының ұжымы; ҚР Президенті Телерадиокешені Jibek Joly телеарнасының ұжымы.

«Парламенттік журналистиканы дамытуға қосқан үлесі үшін»: Советхан Жағиев (Qazaqstan телеарнасының видеооператоры).

БАҒДАР

28 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

ФРАКЦИЯ

«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ 62 ЗАҢҒА БАСТАМАШЫЛЫҚ ЕТТІ

Мәжілістегі VIII шақырылымының III сессиясында атқарылған жұмыс кеше «АМАНАТ» партиясы фракциясының жиынында қорытындыланды. Депутаттар «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылу барысын, сондай-ақ халық қалаулыларының сайлаушылармен кездесу мақсатындағы өңірлерге алдағы сапарына дайындық мәселелерін талқылады.

Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов атап өткендей, өткен сессияда фракция мүшелері 62 заңға бастамашылық етті. VIII шақырылымда заң жобаларына барлығы 5 300-ден астам өзгертулер мен түзетулер енгізілді. Мәжілістің жалпы отырыстарында 626 депутаттық сауал жолданды. Бұдан бөлек, бюджетті әрбір бекіту кезінде депутаттар өңірлерде инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру үшін 1,5 триллион теңгеге дейін түзетулер енгізілуіне қол жеткізді. Осылайша, нақты сайлауалды уәделер қаржымен қамтамасыз етілуде.

«АМАНАТ» партиясы Әділетті Қазақстанды құру жолындағы реформаларды жүйелі жүзеге асыруда. Осы үшін біз Мемлекет басшысының бастамаларына заңнамалық қолдау көрсетіп келеміз. Оның барлығы экономика өсімін қамтамасыз етуге және қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Жалпы, Мәжілісте қабылданған әрбір заң «АМАНАТ» фракциясы депутаттарының белсенді атсалысуымен әзірленді деуге болады», — деді ол.

Мәжіліс Спикері депутаттар заң шығару жұмысы барысында

мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін орындауына, оның ішінде ауылдарды ауызсумен қамтамасыз ету, әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін реформалау, тұрғын үй қатынасын жетілдіруге баса назар аударғанын атап өтті. Бұған қоса, жаңадан Бюджет, Су және Салық кодекстері қабылданды.

Ерлан Қошанов азаматтардың нақты мәселелерін шешуге бағытталған партиялық жобаларды жүзеге асыруға ерекше назар аударды. Атап айтқанда, «Жер аманаты» комиссиясы 12,5 миллион гектар жерді мемлекет меншігіне қайтарды. Қарыз қамытын киген 500 мыңнан астам адамға «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында көмек көрсетілді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, бұл жоба жалпыұлттық сипатқа ие болды. 2000-ға жуық әкім «Әкімдер мектебі» арнайы жобасы аясында оқудан өтті. Партияның осы және өзге де бастамалары қоғамда кең қолдау тапты. Партия Төрағасы атап өткендей, депутаттар мұның бәрін азаматтарға белсенді түрде түсіндіруге тиіс.

Мәжілістегі «АМАНАТ» партиясы фракциясы жетекшісінің орынбасары Павел Казанцев



былтыр партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жол картасы пункттерінің үштен екісі орындалғанын атап өтті. Мәселен, азаматтық қызметшілердің жеке-леген санаттарының жалақысы 20%-ға өсті, медианалық табыстан кедейлік шегін анықтау үшін жаңа есептеу жүйесі енгізілді, Қарағанды облысында кеншілер мен металлургтер үшін жеңілдікпен берілетін ипотеканың арнайы бағдарламасы іске қосылды, Батыс Қазақстан облысындағы 70 шалғай елді мекенге интернет тартылды және т.б.

Мәжіліс Спикері фракция депутаттарына шекара маңындағы аудандарды, саяжай кооперативтерін дамыту мәселелері бойынша заң жобаларын әзірлеу

жұмысын жеделдетуді тапсырды. Олар келесі сессияда Мәжіліске енгізіледі.

Сонымен қатар ауылдық аумақтарды кешенді дамытуға, ауылдық жерлердегі білім беру, денсаулық сақтау салаларын жаңғыртуға және инклюзивті органы қамтамасыз етуге бағытталған Baquatty audan пилоттық жобасының тәжірибесін бірқатар ауданда тарату жоспарлануда. Сондай-ақ депутаттар жастар жұмыссыздығы мәселесін шешу бойынша жеке жоба әзірлеуге ниетті. Бұл — әсіресе Жұмысшы мамандықтары жылы өте өзекті.

Жиын соңында Мәжіліс Спикері өңірлерге алдағы сапар кезінде депутаттарға жүктелетін бірқатар міндетті айқындады.

Сапар барысында депутаттар өндірістік және әлеуметтік нысандарды аралап, еңбек ұжымдарымен кездеседі. Сондай-ақ азаматтардың жеке мәселелері бойынша қабылдаулар өткізеді. Шалғайдағы елді мекендерге ерекше назар аударылады. Халық қалаулылары жаңадан қабылданған заңдардың іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін және олардың жергілікті жерде тұрғындар сұранысына қаншалықты жауап беретінін зерттейді. Сондай-ақ депутаттар жаңадан қабылданған заңдар туралы айтып, азаматтар көтерген маңызды мәселелермен танысады. Болашақта депутаттар сапар барысында жиналған барлық ақпаратты заң шығару жұмысы кезінде пайдаланады.

ЖИЫН



«АМАНАТ» партиясы Жамбыл облыстық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің отырысы өтті.

ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ГАЗДАНДЫРУ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жиында «АМАНАТ» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының өңірде орындалу барысы мен Жамбыл облысындағы елді мекендерді газдандыру жұмысы қаралды. Бұл жөнінде облыс әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ғалым Исақов баяндама жасады.

Басқарма басшысының мәліметінше, облыс аумағында жалпы ұзындығы 7,4 мың шақырым болатын газ құбырлары

бар. 357 елді мекеннің 274-і бүгінде табиғи газбен қамтылған. Атап айтқанда, Тараз қаласы мен Байзақ ауданы 100% газдандырылса, Меркі, Жамбыл, Т.Рысқұлов және Жуалы аудандарының көрсеткіші 97%-дан жоғары. Талас — 84,5%, Шу — 78%, Сарысу — 4,6% деңгейінде. Мойынқұм ауданында газдандыру жұмысы 2024 жылы басталды.

Жалпы, облысты 100% газбен қамту 2029 жылға дейін кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

2024 жылы 10,5 млрд теңгеге 38 елді мекенге газ құбырларын тарту жұмыстары жүргізілуде. Жыл соңына дейін тағы 3 елді мекенге көгілдір отын жеткізу жоспарланған.

Кенес мүшелері Сарысу мен Мойынқұм ауданындағы газдандыру қарқынына алаңдаушылық білдіріп, нақты сұрақтар қойды. Басқарма тарапынан бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқаны және алдағы жылдары кезең-кезеңімен шешілетіні айтылды.

ҚОҒАМ

28 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

БАЙҚАУ



Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов журналистерге арналған «Парламент сөзі» сыйлығының иегерлеріне марапаттар табыстады. БАҚ қызметкерлері арасындағы жеңімпаздар жеті номинация бойынша анықталды.

Салтанатты жиынды ашқан Ерлан Қошанов «Парламент сөзі» сыйлығының иегерлері мен БАҚ өкілдерін келе жатқан кәсіби мерекесімен құттықтады.

— Қазір қоғамды журналиссіз елестету мүмкін емес. Халық сіздердің жазған мақалаларыңыз,

сюжеттеріңізден еліміздегі және әлемдегі оқиғалардан хабардар болып отырады. Әсіресе, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының саяси-экономикалық реформалары мен ауқымды бастамаларын халыққа дұрыс түсіндіруге мол үлес қосып келесіз—

«ПАРЛАМЕНТ СӨЗІ»: МӘЖІЛІС МІНБЕРІНДЕ – ЖУРНАЛИСТЕР

дер. Соның ішінде Парламентте қабылданып жатқан заңдар сіздер арқылы насихатталып жатыр. Занды қабылдау бір бөлек, оны халыққа дұрыс жеткізу — ол да негізгі миссияның бірі, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Палата спикері бүгінде Мәжілісте 700-ден астам БАҚ өкілі аккредиттелгенін атап өтті. Бұл тізім уақыт өткен сайын ұлғайып келеді. Журналистердің жайлы жұмыс істеуіне барлық жағдай жасалған. Депутаттар бұқаралық ақпарат құралдарымен түрлі форматта белсенді жұмыс атқаруда.

— Еліміздің одан әрі дамуын мықты бұқаралық ақпарат құралдарынсыз елестету қиын. Сондықтан бүгінде БАҚ-тың жан-жақты дамуына қажетті жағдайдың барлығы жасалуда. Сіздермен бірге біз жаңа салалық заң қабылдадық. Ол журналистердің құқықтарын қорғауды күшейтті. Блогерлер мен

басқа да ақпарат көздері бүгінде БАҚ-пен бәсекелесуге тырысып жатыр. Бірақ мемлекет байыпты журналистикаға сұранысты жүйелі түрде қалыптастырып отыр, — деді Е.Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы «Парламент сөзі» сыйлығының тоғызыншы жыл өткізіліп келе жатқанын айтты. Осы уақыт ішінде 140-қа жуық адам марапатталған. Биыл байқауға қатысуға 100-ден астам өтінім келіп түскен. Таңдау оңай болған жоқ. Нәтижесінде, марапаттар былай бөлінді:

— «Үздік баспа жарияланым үшін» — Зейін Ерғалиева (Egemen Qazaqstan газеті), Владислав Шпаков («Время» газеті);

— «Үздік телевизиялық сюжет үшін» — Асылбек Тойбеков (Jibek joly телеарнасы), Мейрамгүл Мәдәлі (Atameken Business телеарнасы), Әлібек Рзабаев (Еуразия бірінші арнасы, «Парламент Online» бағдарламасы);

— «Үздік бейне-сурет материалы үшін» — Алмас Жулубаев (Astana телеарнасы);

— «Үздік интернет және радио материалы үшін» — Әйгерім Бақпаева (Baigenews.kz интернет порталы), Азамат Тлепов (Қазақ радиосы), Әйгерім Тукушева (Kursiv.kz сайты), Тамара Вааль (Vlast.kz сайты);

— «Арнайы репортаж» — Ирина Әлімжанова (Qazaqstan ұлттық арнасы, «Қос палата» бағдарламасы), Алина Шашкина (Tengrinews.kz интернет порталы), Дәурен Омаров («Адал адам» youtube арнасы);

— «Парламенттік журналистиканы дамытуға қосқан үлесі үшін» — Еркін Жұматаев («Хабар» агенттігі), Александр Трухачев («КТК» телеарнасы);

— «Парламент сөзі» Арнайы номинациясы — «Азаттық рухы» сайтының және «24KZ» телеарнасының ұжымдары.

AMANAT

ҰЛТТЫҚ МЕДИА – ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІ

БАҚ қызметкерлері күні қарсаңында «AMANAT» партиясы журналистер арасында өткізілетін дәстүрлі республикалық «AMANAT медиа сыйлығының» қорытындысын шығарды. Биыл 10 номинация бойынша 11 жеңімпаз анықталды. Жалпы, осы уақыт аралығында бұл марапатты отандық медиа саласының 150-ден астам өкілі иеленді.

«AMANAT» партиясы журналистер арасындағы осы республикалық байқауды 16 жыл қатарынан өткізіп келеді. Осы жылдар аралығында аталған іс-шара еліміздің ақпарат саласындағы маңызды оқиғаға айналды. Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов байқау жеңімпаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының барша өкілін алдағы кәсіби мерекелерімен құттықтады.

«Кеше ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев барша журналистер қауымын құттықтап, мәртебелі марапаттар тапсырды. Президентіміз ұлттық медиа — халықтың үні, ал журналист жасампаздық жаршысы екенін ерекше атап өтті. Расымен де, журналист — қоғамның айнасы, шындықтың шырақшысы, халықтың аманатын арқалаушы. Мұның бәрі бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы рөлі мен алар орнын айқындайды. Сіздер — қоғамдық пікір қалыптастырасыздар. Сондықтан сіздерге деген ықылас та, ілтипат та, артылатын сенім де жоғары», — деді ол.

Сондай-ақ Ерлан Қошанов бүгінде «AMANAT» партиясы өз сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында БАҚ-пен тығыз байланыста жұмыс істеп келе жатқанын жеткізді. Сонымен қатар ол журналистердің «Жер аманаты», «Ауыл аманаты», «Қарызсыз қоғам» және өзге де партиялық жобаларды жүзеге асыруға қосқан елеулі үлесін атап өтті. Оның барлығы азаматтардың нақты мәселелерін шешуге бағытталған.

Мәжіліс Спикері медиа сыйлық арқылы партия еліміз үшін аса маңызды мәселелерге БАҚ назарын аударатынын атап өтті. Бұл — Мемлекет басшысының реформалары, тарихи оқиғалар, партиялық жобалар. Бұл тақырыптар журналистерге етене жақын. Биыл байқауға 3 000-ға жуық өтінім келіп түсті. Барлық жұмыстың төрттен бір бөлігі «Еңбек адамы туралы үздік материал» номинациясына тиесілі. Сонымен қатар биыл алғаш рет еліміздің экологиялық күн тәртібіне үлес қосқан журналистер үшін Таза Қазақстан арнайы



номинациясы, сондай-ақ Конституцияның 30 жылдығына арналған номинация тағайындалды. Аймақтық журналистикаға, сондай-ақ әлеуметтік желілерде қоғамдық пікір қалыптастыратын блогерлерге ерекше назар аударылды.

Конкурстық комиссияның шешімі бойынша, биыл «AMANAT медиа сыйлығының» келесідей жеңімпаздары анықталды. Олар — «Еліміздегі реформалар туралы үздік материал» номинациясы бойынша Tengrinews.kz сайтының тілші-редакторы Аружан Дәрібай, «Еңбек адамы туралы үздік материал» номинациясы бойынша «Қазақстан» РТРК» АҚ Деректі фильмдер дирекциясының жетекшісі

Нұрбек Бекбауов, «Жастар туралы үздік материал» номинациясы бойынша El.kz интернет-порталының аға тілшісі Ақмарал Саипбек, «Аймақ туралы үздік материал» номинациясы бойынша Qyzylorda телеарнасы бас редакторының орынбасары Бекзат Ескалиев және «Сарыарқа» телеарнасының шеф-редакторы Гүлбақша Ақажанова, «Партия жұмысы туралы үздік материал» номинациясы бойынша «31 арна» телеарнасындағы «Информбюро» ақпараттық бағдарламасының тілшісі Сымбат Байжөкенов, Таза Қазақстан — экология мен қоршаған ортаны сақтау туралы үздік материал» номинациясы бойынша Azattyq Rýhu ақпарат агенттігінің тілшісі Аяғөз

Құрмаш, «Заң мен тәртіп» ҚР Конституциясының 30 жылдығына арналған үздік материал номинациясы бойынша «Қазақ газеттері» ЖШС бас директорының орынбасары Қамбар Ахметов.

Арнайы сыйлық иегерлері — Шерхан Мұртаза және Камал Смайылов атындағы «Телевизия үздігі» сыйлығы бойынша «Хабар» телеарнасындағы «Жеті күн» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасының жүргізушісі Жігер Сәрсен, «Алаш аманаты» сыйлығы бойынша AIQYN газетінің бас редакторы Аманкелді Құрмет, «Белсенді азаматтық ұстаным үшін» сыйлығы бойынша журналист әрі қоғам қайраткері Ләйлә Сұлтанқызы.

«Алаш аманаты» арнайы номинациясын иеленген Аманкелді Құрметтің материалы тарихи жадыны жаңғыртуға, сақтауға және ұлттық бірегейлік тақырыбына арналды. Оның айтуынша, бұл марапат — тек бір мақала үшін емес, жалпы ұлттық құндылықтар сабақтастығын нығайтуға бағытталған кәсіби қызметіне берілген жоғары баға. Ол «AMANAT» партиясы ұлттық сана қалыптастыратын маңызды тақырыптарға жүйелі түрде қолдау көрсететінін және мұндай жұмыс журналист кәсібіне терең мағына беретінін атап өтті.

Ал «Телевизия үздігі» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған Жігер Сәрсенбектің айтуынша, «AMANAT» партиясы ел мүддесіне адалдық танытып, журналистердің кәсіби еңбегін бағалаудың жарқын үлгісіне айналған конкурс өткізу арқылы отандық журналистикаға көп жыл жан-жақты қолдау көрсетіп келеді.

КӨКЕЙКЕСТІ

28 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

ТҮЙТКІЛ

ЖЕРАСТЫ СУЫН
ҚАЛАЙ ИГЕРІП ЖҮРМІЗ?

Арал өңірінде «Бурабай» емдік қасиеті мол жерасты суы бар. Ертеректе халық осы ыстық суды тұтынып, дертіне шипа тапқанын жиі айтып жүретін.

А **Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**
Қызылорда облысы

Кенес заманында Арал каласында осы Бурабай суымен емдейтін арнайы емдеу-сауықтыру орны жұмыс істейтін еді. Онда душ кабиналары жабдықталып, арнайы мамандар халыққа қызмет көрсетті. Оған елімізбен қатар, алыс-жақын шетелдерден келіп емделушілер қарасы қалың болатын.

Уақыт өте келе тәуелсіздік алған жылдары ат шаптырым аумақты алып жатқан емдеу-сауықтыру кешенінің жұмысы тоқырап, қараусыз қалды. Ондаған жылдай иесіз қалған ғимарат кейіннен бұзылып, жері жеке тұрғын үй салуға жекенің меншігіне берілді. Ал жерасты суы келіп тұрған құбыр бекітіліп, сырты темір қоршаумен қоршалды.

Негізінен, бұл емдік қасиеті бар жерасты суы аудан айналасындағы елді мекендерді де айналып өтпейді. Соның айғағындай, ауданға қарасты Ақеспе ауылындағы ыстық судың игілігін ел көріп жүргені белгілі. Оған әлемнің түкпір-түкпірінен келіп шомылып жүргендер аз емес. Бұл ыстық су бұрынғы аудан орталығында емдік максатта пайдаланылған «Бурабай» суы екені мәлім.

Жалпы дерекке сәйкес, бұл ыстық су жер астынан 1986 жылдан бері шығып келеді. Кейбір мәліметтерде оның 1000 метр тереңдіктен шығатыны айтылады. Бір қызығы, қысы-жазы бұлақ суының температурасы +40 градустан төмендемейтін көрінеді әрі тұздылығы жоғары саналады.

Емдік пайдасы бар су жүйке ауруларына, салқын тию, тері, буын дерттеріне таптырмас шипа көрінеді. Бұл жайында Ақспедегі бұлақ басындағы арнаулы нұсқаулықта да жазылған. Тіпті, қайбір жылдары Арал ауданы әкімдігі тарапынан Ақспе ауылындағы «Ыстық су бұрқағы» жанынан емдік шипажай салу жоспарланып отырғаны да мәлімделген болатын.

Соңғы күндері аудан орталығындағы алғашқы шипажай ретінде пайдаланылған жерасты суын қайта игеру қолға алына бастағаны жайлы ақжолтай хабар ел аузына тарап кетті. Жоғарыда айтып өткеніміздей, тәуелсіздік алған жылдары бекітіліп, тот басқан күйі жатқан құбырды қайта ашып, бұлақ суын пайдалануға ниет танытқандардың әрекеті көпті қызықтырғаны даусыз. Өз кезегінде тың бастаманы қолға алып, бұрынғы көлшік орнын қайта суға толтыруды қолға алған жандармен пікірлестік. Жерасты бұлақ суын



кандай максатта пайдалануды жоспарлап отырғанын сұрадық.

«Негізінен, Арал қаласының өзінде жерасты суының 4 ұңғымасы бар. Соның ішінде біреуі — емдік пайдасы бар Бурабай жерасты суы. Бір жылдары «Аралды құтқару қорының» жобасымен осы емдік суды Арал аудандық ауруханасына емдік максатта пайдалануға арнайы құбыр тартылған болатын. Бірақ жоба жер ортадан тоқтап, құбырларды қайта бекітіп тастады. Осы жобаны қайта жандандыру мақсатында 2024 жылы тұрандықтар тарапынан арнайы жоба әзірледік. Жоба «Тұран көшет питомнигі» деп аталады. Басты мақсат — жерасты бұлақ суын елдің игілігіне пайдалану, халықтың емдік максатта пайдалануына қолжетімділігін арттыру. Сондай-ақ Арал төңірегіндегі игерусіз жатқан бұлақ суын тұшытып, қуаңшылыққа тап болған өңірді көгалдандыру мақсатында аяқ су

ретінде пайдалануға да мүмкіндік қарастырып отырмыз. Осы мақсатта Арал ауданы әкімдігімен бірлескен түрде ауқымды жобаны бастап кеттік. Әкімдік тарапынан құбырды қайта ашып, бұрынғы көлшікті суға толтыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бас-аяғы 20 күннің ішінде көлшік қайта тола бастады. Аптап ыстықта суға шомылуға келетін халықтың қарасы көбейді. Келешекте осы орыннан шағын жағажай жасап, жергілікті жұртшылықтың жиналатын демалыс орнына айналдыруға болады. Ал тұшыту мәселесіне келсек, арнайы қондырғылар арқылы жерасты суын бірнеше кезең бойынша тұшытып, арнайы цистерналарға құйып, аяқсу мақсатында пайдалану жоспарда бар», — дейді бізге «Тұран ойпаты — Арал теңізі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Айнұр Рысбаева.

Жалпы аталмыш жоба «Жаһандық экология қорының» қаржыландыруы арқылы жүзеге асырылып жатыр. Қоғамдық бірлестік төрайымының мәлімдеуінше, аталмыш жобаны жүзеге асыру мақсатында арнайы жер телімі алынып, суды тұшыту қондырғыларын орнату жұмыстары жүргізілуде. Жоба аясында ауызсуды үнемдей отырып жерасты суын тұшытып, аяқсу мақсатында пайдалану көзделген. Соның негізінде Арал өңірінде көркейту-көгалдандыру жұмыстарын күшейтіп, экологиялық аймақтан таза орта қалыптастыруды жоспарлап отыр.

«Тұрандықтар ұсынған бірегей жобаны жүзеге асыруға «Жаһан-

дық экология қоры» зор ықпал танытып отыр. Аталмыш қор жобамызды қолдап, қайтарымсыз грант ұсынды. Осы орайда, аталмыш қордың қолдауымен алынған суды тұшытатын арнайы қондырғылар келешекте аралдықтардың еншісінде қалатынын да айта кеткім келеді. Ел игілігі үшін жасалып жатқан бұл бастаманың Арал өңірінің болашағына ықпалы зор болатынына сенім бар. Ең бастысы, аталмыш жобаны қолдап отырған аудан, қала әкімдігі мен «Жаһандық экология қорының» еңбегін ерекше атап өткім келеді», — дейді Айнұр Рысбаева.

Қалай дегенде де, талай жыл игерусіз жатқан жерасты суын ел игілігіне пайдалануда тың жобаны қолға алып жатқан тұрандықтардың бастамасы қолдауға ие. Қазірдің өзінде бұлақ суы ағып жатқан алақандай ғана аумаққа демалуға баратындардың қарасы қалындай түскені байқалады.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Ақмола облысында нашақорлыққа қарсы айлық барысында есірткі бизнесінің алдын алу және оған қарсы тосқауыл қою үшін жүйелі шаралар мен акциялар легі ұйымдастырылып жатыр. Кезекті бір шара облыс орталығы Көкшетауда «Есірткісіз болашақ – мықтылардың таңдауы» ұранымен форум түрінде өткізілді.

ЕСІРТКІСІЗ БОЛАШАҚ –
МЫҚТЫЛАРДЫҢ
ТАҢДАУЫ

А **Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**
Ақмола облысы

Жергілікті облыстық Полиция департаменті ұйытқы болған шараға білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет басқармалары да қолдау көрсетіп, алаңға жастар, сарапшылар мен облыстың белгілі қоғам қайраткерлері жиналды. Форум Ақмола облыстық Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Бақтияр Утекиннің құттықтау сөзімен басталды.

— Ғасыр дертіне айналған нашақорлық бүгінде аса үлкен өзекті мәселеге айналған. Өйткені есірткіге елітіп, өз тағдырына балта шауып жатқандар көп. Сондықтан жастарды осындай игі шараларға тарту әрі түсіндіру және алдын алу жұмыстарын жүргізу аса маңызды. Бұл орайда тәртіп сақшылары мен білім беру орындары ғана емес, қоғамдағы әрбір саналы азамат нашақорлықпен күресуге тиіс. Тек сонда ғана нашақорлық індетінің тамырына балта шаба аламыз. Есірткісіз өмір — жауапты адамдардың саналы таңдауы. Сондықтан баршаңызды осы игі істе қоғам болып жұмылып, әрекет етуге шақырамын, — деді Бақтияр Утекин.

Форум жұмысы басталғаннан кейін есірткі құқық бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі кеңестің құрамына жаңадан қабылданған мүшелеріне куәлік тапсыру салтанаты өткізілді. Кеңес құрамына түрлі сала мамандары, қоғамның белсенді өкілдерімен қатар жергілікті жерлерде есірткіге қарсы жұмыс жүргізуге өз үлесін қосуға дайын жастар еніпті.

Форум барысында тағдырдың бұралаң қалтарысында шатасып, ойнақтап жүріп от басқан, яки бәзбіреулердің азғыруымен теріс жолға түсіп, есірткі сатып темір торға тоғытылған адамдар жайлы деректі фильм көрсетілді. Фильмді мұқият тамашалаған студент жастар есірткі припондары мен қылмыстың түрлі схемасына қатысудың нақты салдары жайлы ойын ортаға салды.

Жиналғандардың алдында есірткіге тәуелділігі бар адамдарға көмек көрсетілетін оңалту орталығының меңгерушісі, Ақмола облысы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының басшысы Думан Сабыржанов сөз сөйлеп, өңірдегі есірткі ахуалына шолу жасады.

— Облыс полиция сарбаздарының күнделікті өз қызметінде барынша бақылауы мен жіті әрекеті арқасында есірткі сату қылмыстары біршама азайып, есірткі сатқан қылмыстық ірі топтар құрықталды. Сондықтан жастардың есірткі қылмыстарының алдын алуға атсалысуы, нашақорлықтан бойын аулақ салып, жора-жолдас-тарына да жанашырлықпен қарауы қажет, — деп атап өтті Думан Сабыржанов.

Әсіресе, полицияның жедел тобы бөлімінің «Атос» атты қызметтік итінің өнер көрсетуі жиналған көпшіліктің ерекше қызығушылығын тудырды. Талай есірткі қылмыстарын ізін суытпай ашып жүрген кинолог пен Атостың жедел әрекеті күштік құрылымдардың нашақорлықпен байланысты қылмыстардың жолын кесу және анықтаудағы тәжірибесін көрсетті.

P.S.

Ұйымдастырушылар мұндай форумдар біржолдық акция ғана емес, алдағы уақытта ведомствоаралық тұрғыда жастар арасында есірткі тұтыну мен нашақорлық қылмыстарының алдын алу және анықтауда ұзақмерзімді түрде өткізілетінін атап өтті. Бұл орайда мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, мамандар мен студент жастардың өзара күш біріктіруі қоғамның әлеуметтік қорғалуына әрі ғасыр індетіне айналған нашақорлықтың тамырына балта шауып, саламатты өмір салтын сақтайтын жастардың қалыптасуына жол ашпақ.

АЛАҢ

28 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр секілді» деген еді. Осыдан 33 жыл бұрын Қазақстанда тек 10 республикалық мемлекеттік газет пен журнал шығарылса, қазір олардың саны 3 985-ке жетті. Басылымдардың әрқайсының қағаз ғана емес, сандық нұсқасы да бар. Дегенмен соңғы 3 жылда 591 газет жабылыпты. Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай, қазақ баспасөзінің бүгіні мен болашағы туралы «Алаң» бетінде сарапшыларды сөйлеттік.

— Кезінде Алаш арыстары шығарған «Қазақ», «Сары Арқа», «Бірлік туы» сияқты газеттер ұлтты ағартумен тікелей айналысты. Ал бүгінгі жаңа Қазақстанның баспасөзі бұл міндетті қаншалықты атқарып жүр?

Еркін ҚЫДЫР,
Astana Aqshamy газетінің бас редакторы:



—Ахмет Байтұрсынұлының қазақ баспасөзі, ұлт туралы айтқан сөздері әлі де өз құнын жоғалтқан жоқ. Еуропаның бір ойшылы: «Газет — ұлттың өзімен-өзі пікірлесетін, өзімен-өзі сырласатын мінбер» деген екен. «Біз қандай ұлтпыз? Не істеуіміз керек?» деген сұрақтарды көшеде, автобустың ішінде айта бермейміз. Осындай құнды пікірлерді қозғайтын мінбер керек. «Қазақ қайда бара жатыр? Қазақ ойдан, тойдан құтыла ма?» деген сұраққа жауап іздейтін мінбердің міндетін XIX-XX ғасырда ұлттық газеттер атқарып келді. Алдағы уақытта да атқаруға тиіс. Ақандардың заманында Қазпошта болған жоқ. Газетті тарату да оңай жұмыс емес еді. Соның өзінде ұлттық басылымдарға байлар малын беріп, әртүрлі көмек көрсетті. Алаш арыстары сөзіміз халыққа жетсін деп қиындыққа қарамай газет шығарды. 70 жыл бойы қызыл империя кезінде жасалған жүйенің бәрі қолымызда тұрса да, қазір кейбір газеттердің тиражы төмендеп жатыр. Газет — ұлттың сөзін айтатын мінбер. Ұлттық құрылтай лауазымды тұлғалар мен халық өкілдері қатысып, жылына бір рет ұлт мәселесін талқылайтын орын. Ал күнделікті қазақтың әңгімесі ұлттық баспасөзде айтылуы керек. Сондықтан газет ешқашан мәнін жоймайды. Баспасөздің міндеті тек ақпарат жеткізу емес. Ақандардың заманында газет оқырманға 1 айда жететін. Сондықтан баспасөз ұлт-

тық мәселені қозғайтын мінберге айналуға тиіс. Жылт еткен ақпаратты қазір газет арқылы жеткізе алмайсың. Газеттің миссиясы бұрын да, қазір де бұлай болмаған. Ақпаратты кезінде телеграммен жеткізсе, қазір интернетпен жеткізеді. Ал ол ақпарат баспадан баспасөзге басылып, оқырманға жеткенше ескіріп қалады. Сондықтан газетте ескірмейтін, халық арасындағы мәселелер, ұлт алдындағы міндеттер жазылуы керек. Бұл мәселелер өзгеруі, жаңғыруы мүмкін. Бірақ ешқашан ескірмейді.


Гүлмира ӘШІРБЕКОВА,
ЕҰУ, Журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің оқытушысы:



—Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы демократиялық бағыттағы баспасөздің нағыз үлгісін көрсетті. Қазіргі медиаменеджердің қызметін Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы атқарды. Сондықтан дәл «Қазақ» газетіндей басылым шығара алсақ, журналистикада ғана емес, қоғамда да біраз өзгеріс болар еді?! Дегенмен бүгінгі баспасөз де бұл міндетті қал-қадірінше атқарып келеді. Газетте көтерілген қаншама мәселе көп ұзамай, жұрт назарына ілігеді. Сондықтан да болар, газет журналистерінің еңбегі елене бермейді. Мәселен, су тасқынының алдын алу, сақтану шаралары алдымен газетте жазылды.

Алайда баспасөздің бәрі бірдей емес. Газеттердің басым бөлігі мемлекеттің ақпараттық саясатын жүргізетіндіктен, тапсырысты орындап отырғанын айтуымыз керек. Тапсырыспен мақала жазу журналистің ұстанымына кері әсер етеді. Ізденіп, зерттеп жазудан қалады. Шаблоннан шыға алмайды.

Дегенмен журналистика стандарттарына сай тілшілердің де еңбегін атап өтуіміз керек. Олардың қатарында Аіқұп, Апа



ҚАЛАМ мен БАСПАСӨЗДІҢ

tili, Turkystan газеттері бар. Ege-men Qazaqstan ресми басылым болғанына қарамастан, оқырманның сұранысына сай танымдық мақалалар жариялайтынын жасырмаймыз. Оқырман ретінде газет тілшілерінің тынымсыз тірлігін ерекше бағалаймын.

Ербакыт АМАНТАЙҰЛЫ,
«Қызылжар-Ақпарат» ЖШС директоры:



— Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы осыдан бір ғасыр бұрын айтып кеткен бұл сөзі бүгінде өзектілігін жойған жоқ. Қанша жерден Бұқаралық ақпарат құралдары: сайт, телеарна, радио, жаңа медиа дамып жатқанымен, газет өзінің алғашқы міндетінен әлі тайған жоқ. Соның ішінде ағартушылық газеттің басты ұстанымы болып қала береді. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзін қарайтын болсақ, олар негізінен елдік мәселелерді көп көтергенін байқаймыз. Қазақ баспасөзіндегі өзекті мәселенің бірі — жер мен тіл мәселесі. «Жерді жекеменшікке береміз бе? Әлде мемлекетке қалуы керек пе?» деген тақырып жиі талқыға түскен. Қазақ баспасөзі халықты сауаттылыққа үйреткен. Ол кез бен қазіргі уақытты салыстыруға келмейтін шығар. Сауаттылық деген сөздің өзі де абстрактілі ұғым. Әріп танығанның бәрі сауатты емес. Соңғы кезде байқасаңыз, кейбір азамат-

тар қой терісін жамылған діндарларға еріп, Сирия асып, соғысқа қатысып жатыр. Біреулердің арбауына түсуде. Бұл да діни білімнің, саяси қабілеттің таяздығын көрсетеді. Қарапайым халық онлайн алаяқтарға да жиі алданады. Ол қаржылық сауаттылықтың төмендігін білдіреді. Сауаттылық, ағартушылық деген ұғымды біз әріптанумен шектемеуіміз керек. Сондықтан қазір де газеттер ағартушылық бағытты жалғастыра беруі қажет. Бүгінде не көп? Әлеуметтік желі көп. Ол жерде жалт-жұлт еткен ақпарат та көп. Бір жаманы, әлеуметтік желіде ақпаратқа сүзгі жоқ. Жастар жақсы мен жаманды айыра алмағандықтан, бүкіл мәліметті өзіне сіңіреді. Бірақ оның зиянын байқаймыз. Бұл қоғамға ағартушылық жұмыстың әлі де керек екенін аңғартады.

— **Әлемге әйгілі қолбасшы Наполеон Бонапарт: «Төрт жүз мылтықтан төрт баспасөздің күші артық» денті. Дегенмен еліміз бойынша соңғы 3 жылда 591 газет жабылған. Бұған не себеп?**

Еркін ҚЫДЫР:

— Кезінде ең көп басылым оңтүстік өңірден шықты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Шымкент, Түркістан маңында жекеменшік көп басылым дүниеге келді. Олар үлкен жобаға айналып, оқырмандардың да қызығушылығына бөленді. Ал қазір жастардың кітап, газет-журнал оқу үрдісін естен шығарып алдық. Мысалы, біздің буынның уақытында мектептегі оқушыларды балалар басылымына жазылуға міндеттейтін. Содан оқушылар баспасөзді саралап оқып, кейін ұлттық газеттерді таразылауға көшетін. Қазір бұл үрдіс үзіліп қалды. Мектепке барып «газетті насихаттайық» десен, «мектепте

насихат айтуға болмайды» деп кіргізбейді. Мемлекеттік, жекеменшік басылымдар да мектепке кіріп газетті түсіндірумен айналыса алмайды. Газет оқымайтын ұрпақ адам ретінде ұлттық құндылықтардан алыстай береді. Қазір көшеде газет ұстап жүрген адамды көру де қиын. Ақаң аңсаған ұрпақ болашақта «газет» дегеннің не екенін түсінбесе, бұл ұлт үшін үлкен қасірет. Сондықтан балабақша, мектептерде балалар басылымының таралуына жағдай жасауымыз қажет.

Гүлмира ӘШІРБЕКОВА:

— Газеттердің жабылып қалуына басты себеп — нарық талабына сай келмеу, медиаменеджменттің дұрыс жоспарланбауы. Журналист оқырман сұранысын ескерумен бірге өзіндік позициясы, көзқарасы да болуы керек. Мәселен, Жанболат Аупбаевтың мақалаларын әлі күнге дейін редакциялар сұрап алып жариялайды. Өйткені Жанболат ағаның таңдаған тақырыбы бар.

Газеттің жабылуына екінші себеп — оқырманның жоқтығы. Баспасөзді жаздырып оқитын оқырман азайып кетті. Әлеуметтік желілердің қоғамдық санаға ықпалы күшейіп барады.

Отандық журналистикада тапсырысқа тәуелділік басым. Бәрін кінәлаудан аулақпын, дегенмен әлемдік тәжірибеден өзімізге қажетін алу, іздену, зерттеуге шорқақтық байқалады.

Мәселен, газеттің веб-редакциясы мен дәстүрлі редакциясы арасында өзара бәсекелестік болса, оқырман сұранысы ескерусіз қалмас еді. Қолжетімділіктен гөрі өтімділік маңызды. Оқырманды қажет ақпаратын сатып алып оқуға бейімдеу — уақыт талабы. Цифрлық технология мүмкіндіктерін газет шығару ісінде пайдаланған дұрыс. Сондай-ақ газет тілшілерінің әлеуметтік медиадағы белсенділігі өте маңызды.

Ербақыт АМАНТАЙҰЛЫ:

— 591 газеттің жабылғаны көп көрінгенімен, зауыт, фабрикалармен, кіші кәсіпорындардың жабылғанымен салыстыратын болсақ аз. Себебі кәсіпорындар мындап, он мындап жабылып жатыр. Бұл — нарықтың заңдылығы. Бір қарасаң, жақсы сайттар жұмыс істеп тұрады. Кейін сол ақпараттық порталдар бір жылдан кейін жабылып қалады. Сондықтан газет болсын, кәсіпорын болсын оның ашылуы, одан кейін жабылуы — нарықтың заңдылығы. Ал газеттердің жабылуы — әлемдік үрдіс. Біз қазір мұның тек зиянды жағын айтып, «газеттер жойылып жатыр» дейміз. Дегенмен ең белсенді, ең креативті, оқырман тарта алатын басылым-

— Кезінде интернет пайда болған кезде «газет енді жойылады» деген жансақ пікір айтылды. Бірақ уақыт газеттің оқырманға әлі де керек екенін дәлелдеді. Бұған Жапония, Америка сияқты дамыған елдердегі газет өндірісі дәлел. Ал енді қазақстандық басылымдарды сол деңгейге жеткізу үшін қандай жұмыстар атқарылуы керек? Газет мемлекет қолдауынсыз өмір сүре ала ма?

Еркін ҚЫДЫР:

—Иә, кезінде интернет пайда болған кезде «газет жойылады» деген. Бірақ бұл пікір шындыққа айналған жоқ. Жапонияда күніне 2 мезгіл, 2,5 миллион тиражбен

тиражбен шықпайды. Ал Франция өз тілінің дәрежесін арттыру үшін, келген мигранттардағы ағылшын тілінің үлесін азайту үшін француз тілінде шығатын басылымдарға ерекше қамқорлық жасайды. Мұндай қамқорлықты біздің елімізге де жасауға болады. Мысалы, елімізде қанша кітапхана бар болса, соның бәріне мемлекет өз есебінен газет жазып беруі қажет. Алып көршіміз Ресей астанасы Мәскеуде 17 миллион халық бар. Сол қаланың «Вечерняя Москва» деген газеті күніне 2 рет шығады. Танертең 57 мың данамен, кешке 500 мың данамен жарияланады. Аптасына бір рет етженді нөмірі 24 бет болып, 800 мың тиражбен шығады. Міне, ертеңін ойлаған ұлттар басылымдарына әртүрлі қолдау көрсетіп келе жатыр. Жана медиамен қатар дәстүрлі медианы да дамытып келеді. Газетке ұлттың мінбері, мәдениеттің бір саласы, стратегиялық бағыт ретінде қарап, мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі қажет. Осыдан бір жыл

баттығы. Екіншіден, газет тарату мәселесі де күн тәртібінде. Себебі газетті таратумен монополист Қазпошта ғана айналысады. Басқа мекемелер үшін газет тасымалдау тиімсіз. Өйткені Қазақстанның территориясы үлкен, әлем бойынша жер көлемі жағынан 9-орын алады. Канадада да осы проблема бар. Сондықтан мемлекет газет жеткізумен айналысатын мекемеге дотация беруі керек. Сол кезде газеттің бағасы да өспейді. Мемлекет салық төлеушілер есебінен газет таратуға көмектесуі қажет. Кейбір шет мемлекеттер ұлттық басылымдарды қолдау үшін жеткізумен айналысатын фирмаларға, баспахана-ларға да дотация береді. Себебі қазір газетті басатын қағаздың өзі қымбат. Егер осы үрдіс қолға алынса, жаңа басылымдар да пайда болып, баспасөз нарығында бәсекелестік болар еді.

Астана қаласында «Инфо-Цес», 30 жыл бойы шыққан «Караван», 100 жылдан астам шығып

сайттары бар. Оқырман қаласа газеттен, қаласа сайттан оқи алады. Жапония мен Америка ғана емес, көрші Ресейде, Түркияда, Ұлыбританияда мықты басылымдар жүз мыңдаған тиражбет шығып жатыр. Бұл деңгейге біздің басылымдар әлі жете қойған жоқ. Бірақ республикалық, аймақтық газеттер өз деңгейін ұстап тұр. Солтүстік өңірдің баспасөзінің қарашаңырағы «Солтүстік Қазақстан» газетінің алғашқы нөмірі осыдан 105 жыл бұрын «Кедей сөзі» деген атпен шыққан. Газеттің бастауында Мағжан Жұмабаев, Смағұл Садұақасұлы, Қошқе Кемеңгерұлы сияқты Алаштың қайраткерлері тұрды. Кейін Қазақ автономиясы құрылып, Алаш арыстары автономияны бостандық деп түсінсе керек, газеттің атын «Бостандық» деп ауыстырған. Оның ішінде «Автономия кімдікі?» деген мақалалар жазды. Саясат өзгерген сайын газеттің атауы «Кеңес ауылы», «Ленин туы» деп шықты. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылдан бастап газетіміз «Солтүстік Қазақстан» деген атаумен шығып жатыр. Әр кезеңде тиражы да әртүрлі болды. Сонау 1920 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі аралықтағы газеттердің тігінділерін алып қарағанда, газетіміздің ең үлкен тиражы 10 мыңға жеткенін байқадық. Бұл аймақтық басылым үшін, қарағөздеріміз аз солтүстік үшін жақсы көрсеткіш. Ал кей жылдары тираж саны 4-5 мыңға дейін түсіпті. Ал қазір газеттің тиражы 9 мың.

Оқырман тарту үшін олармен тікелей жұмыс істеу керек. Кабинетте отырып, «газетке жазылыңдар» деп мақала жариялап отырсаң, газетті ешкім оқымайды. Оқырмандармен байланыс орнату аса маңызды. Солтүстік Қазақстан облысында 13 аудан болатын болса, жыл бойына сол аудандарға екі реттен барамыз. Бір барғанда басшымен қоса редактор, журналистерден құралған 4-5 адам ауданнан көлік алып, ауылдарды 4-5 бағытта аралаймыз. Өйткені бір ауданда кемі 20-30 ауыл бар. Оны 2 күнде қамтып үлгеруіміз керек. Сондықтан ауылдардағы мектеп, кітапхана, әкімдік сияқты әлеуметтік мекемелерде оқырмандармен кездесіп газеттің мақсатын түсіндіреміз. Газеттің тиражын оқырмандармен тікелей кездесу арқылы ғана көбейтуге болады. Әйтпесе, редакцияда отыра берсең оқырман да көбеймейді. Кейбір газеттердің таралымының құлдырап бара жатқаны — оқырмандармен жұмыстың ақсағанынан. Нарық заңы осыны талап етеді. Мемлекеттің қолдауынсыз өмір сүріп жатқан газеттер бар. Бірақ қазіргідей алмағайып кезеңде газетті мемлекет қолдаса, ешбір ұтылмайды. Себебі мемлекет тек керек ақпаратты газет арқылы таратып, әлеуметтік желідегі жалған ақпаратқа, жалған идеологияға тұсау сала алады. Шетелдегі сияқты қазақ газеттерінің құрылтайшы, жарнама арқылы өз күнін көретін кезі келеді. Бірақ қазақтілді баспасөз үшін қазір бұл үрдіске көшу қиын.

Дайындаған
Көктем ҚАРҚЫН

ҚОҒАМ: БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?



ҚАЗАҚСТАНДА 2013-2023 ЖЫЛДАРЫ ЖАБЫЛҒАН ГАЗЕТТЕР

Газет атауы	Мәртебесі	Жабылған жыл	Жабылу себебі
«Нұр Астана»	Аймақтық (Астана)	2013	Электронды форматқа көшу
«Алаш айнасы»	Республикалық	2013	Электронды форматқа көшу
«Лада»	Аймақтық (Манғыстау облысы)	2013	Электронды форматқа көшу
«Известия Казахстана»	Республикалық	2013	Ресейлік тараппен келісімшарттың бұзылуы (құрылтайшысы — ОАО «Известия»)
«Московский комсомолец в Казахстане»	Республикалық	2014	Зиян шегу (қаржылық шығын)
«Дала мен Қала»	Аймақтық (Астана)	2014	Қаржылық қиындықтар, мазмұн әртараптандырылмауы
«Страна и Мир»	Аймақтық (Астана)	2016	Қаржылық қиындықтар, мазмұн әртараптандырылмауы
«ИнфоЦЕС»	Республикалық	2016	Себебі көрсетілмеген
«Ақ Жайық»	Аймақтық (Атырау облысы)	2017	Электронды форматқа көшу
«Мегаполис»	Республикалық	2018	Таралым азаюы, интернетке көшу, сауда нүктелерінің азаюы
Flash	Аймақтық (ШҚО)	2020	Қаржылық қиындықтар, интернетке көшу
«Устинка плюс»	Аймақтық (ШҚО)	2022	Электронды форматқа көшу
«Караван»	Республикалық	2023	Зиян шегу (қаржылық шығын)
«Экспресс К»	Республикалық	2023	Акционердің кетуі

дар нарықта қалды. Ал айтар ойы, жазар сөзі жоқ, бөлінген қаржыны жұмсаумен ғана шектелетін газеттердің нарықтан кеткені дұрыс та шығар. Мен мұны іріктеу деп ойлаймын. Осы қиын кезеңнен сәтті өткен басылымдар бірнеше жылдан кейін қарыштап дамитынына сенемін.

шығатын газеттер бар. Соңғы технологияны жақсы меңгерген ұлттың бір — жапон халқы. Бірақ Жапония технологиямыз дамыды екен деп, газетті шетке ысырып қойған жоқ. Олар газетті дәстүр ретінде сақтап қалды. Халқы Жапониядан бірнеше есе көп Қытайдың өзінде газеттер 2,5 миллион

бұрын Қауіпсіздік кеңесінің отырысында ұлттық мүддені қорғауға арналған шешімдер қабылданды. Сонда «ұлттық қауіпсіздікті сақтау үшін баспасөздің дербестігі керек, оған қолдау көрету қажет» деген пікір айтылған.

Басылымдардың ең үлкен мәселесі — жазылу бағасының қым-

келе жатқан «Экспресс К» деген басылымдардың бәрі қазір жоқ. Бұлар меншік иелерінің қолдамағандығынан, сайтқа айналып кетті. Себебі газет пайда табатын кәсіп көзі емес, ұлт үшін қызмет ететін мінбер. Қазіргідей қымбатшылықтың кезеңінде қағаз басылымдарды шығару өте қиын. Сондықтан мемлекет тарапынан баспасөзге көмек болуы керек.

Гүлмира ӘШІРБЕКОВА:

— Екінші сұраққа жауапта газетті оқылымды студия жолдарын атап өттім. Газет журналистеріне шығармашылық еркіндік қажет. Сондай-ақ тілшіге төленетін қаламақы да маңызды. Отандық газеттердің оқырманын арттыру үшін сараптамалық мақалаларды көбейту, журналистік зерттеу қажет. Сонымен қатар көптеген редакция аудиториямен байланыс тәсілдерін жаңғырту қажет. Әлеуметтік зерттеу жүргізу арқылы да өзекті тақырып көтеруге болады. Халықаралық мәселелерге қатысты сараптамалық мақала көп оқылады деген ойдамын. Бір сөзбен айтқанда, газетті оқылымды ету үшін редакция жұмыла жұмыс істеп, редактор менеджер ретінде жанашыл болғаны дұрыс.

Ербақыт АМАНТАЙҰЛЫ:

— Қазір көп адам ақпаратты әлеуметтік желіден оқиды. Ақпарат та адамның күнделікті тамақ ішу, қарын тойдыру сияқты қажеттілігінің бірі. Біз оқырманға тиісті деңгейде ақпарат бере алмасақ, ол ақпаратты басқа ресурстардан іздейді. Интернеттің, әлеуметтік желінің дамуымен газеттің біраз оқырмандарының сол жаққа кетіп қалғаны жасырын емес. Бірақ менің ойымша, жана медиа мен дәстүрлі медианы, интернет пен газетті бір-біріне қарсы қоюдың қажеті жоқ. Керісінше екеуі бір-бірін толықтырып тұрады. Мысалы, газеттің де әлеуметтік желіде парақшалары,

МЕРЕЙ

28 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ



Бала арманын кім тыңдайды? Кішкентай жүрек сыры мен ішкі үнін кім қағаз бетіне түсіріп, оны мыңдаған оқырманға жеткізеді? Қазақ балалар баспасөзінің қара шаңырағы «Ұлан» газеті 95 жыл бойы осы миссияны атқарып келеді.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Биыл — еліміздегі балалар журналистикасы мен әдебиеті үшін торқалы той. Себебі сонау Кеңес заманы тұсынан бастап ұлтпен бірге жасасып келе жатқан руханияттың шамшырағы — «Ұлан» газетінің оқырманға жол тартқанына бақандай 95 жыл. Ғұмыры бір ғасырға татитын басылым осы уақыт аралығында талай баланың қиялына қанат бітіріп, өмірде өз жолын табуына ықпал етті. «Журналист болсам» деген бала арманның шындыққа айналуына, шығармашылық салада кіл мықтылардан тәжірибесін шыңдап, қаламын ұштауға бағыт берген басылым. Бүгінде газет қазақ қоғамының «қай-

мактары» тәлім алған ұстаханаға айналды.

Газет тарихында Сансызбай Сарғасқаев, Кемел Тоқаев, Әбілфайыз Ыдырысов, Фариза Оңғарсынова, Сейдахмет Бердіқұлов, Бейбіт Қойшыбаев, Ғалым Доскен, Сұлтан Қалиұлы, Есей Жәнісұлы, Бағдат Мәжитов, Жұлдыз Әбділда сынды акын-жазушылар мен журналистер бас редактор қызметін атқарған.

**«МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА»
ФИЛЬМІНІҢ АЛҒАШҚЫ
СЦЕНАРИЙІ
«ҰЛАНДА» ЖАРИЯЛАНҒАН**

Бүгінде газет ұжымы мектеп оқушыларынан келіп түскен әрбір материалды сыни тұрғыда сараптап қана қоймай, әрбір баламен өз тілінде сөйлесе білуге, сондай-ақ оқырманының бойына жақсы қасиеттерді сіңіруге ұмтылады. 2018 жылы тарихи басылымның бас редакторы қызметіне келген Жадыра Нармаханова бізге газеттің өткені мен бүгіні, қазіргі балалар нені көбірек оқитыны туралы баяндап берді.

— Басылым алғашында Кеңес заманындағы балаларға арналған үгіт-насихат құралы ретінде

жарық көрді. Қазіргі жас авторлардың бір-бірімен достығы, бірлігі, оқырманға өзінің замандастарын үлгі етіп көрсетуі — сол кезеңнен бері жалғасын тауып келе жатқан үрдіс. Газеттің сол жылдардағы нөмірлерін ақтарып карасак, Кеңес Одағы тұсында еңбек еткен балаларды көбірек насихаттаған екен. Себебі сол заманда балалар мектептен тыс әртүрлі қоғамдық жұмыстарға араласқан. Сондай-ақ әр жылдары басшылық еткен басылым редакторларының ерекше қолтанбасы болды. Мысалы, Әбілфайыз Ыдырысов бас редактор қызметін атқарған уақытта газеттің дизайнына ерекше мән берген. Тіпті, қазір басылып шыққан газет-журналдардың көрінісі сол жылдардың дизайнына ілесе алмауы мүмкін. Тағы бір қызықты дерек, «Менің атым Қожа» көркем фильмінің алғашқы сценарий нұсқасы фильм ретінде таспаланбастан бұрын «Ұлан» газетіне жарияланып, әрі қарай талқыға түскен екен. Кезінде «Қазақстан пионері» деген атаумен шығып тұрған уақытта газеттің таралымы 250-300 мыңға дейін жеткен. Ал қазіргі «Ұлан» газеті қандай тақырыптарды жиі көтереді десеніз, біз өзінің жеке қызығушылығын әрі қарай дамытқан, кәсібін табыс көзіне айналдырған қабілетті балаларды жиі насихаттаймыз, — деді ол.

**«ЖИ-мен ЕМЕС,
МИМЕН ЖАЗ»**

Қазір басылымда жарияланған мақалаларды парақтап отырып жаратылыстану бағытындағы материалдарға газет бетінен жиі орын берілетінін байқауға болады. Себебі осы салада ізденетін жастар да, оған ерекше ден қоятын оқырман деңгейі де өскен. Бас редактор да өзекті әрі заманауи бағыттағы тақырыптарға басымдық берілетінін алға тартты.

— Біз IT саласы бойынша жетістікке жеткен жастар және шетелде білім алу, тағылымдамадан өту туралы көбірек ақпарат беруге тырысамыз. «Мен таңдаған мамандық» айдары бойынша елімізде және әлемде қандай мамандықтар бар және олар қай университеттерде оқытылатыны туралы материалдар жариялаймыз. Бұл тұста біз сұранысқа ие әрі жоғары табыс табуға мүмкіндігі бар мамандықтарды таныстырып отырамыз. Себебі қазіргі балалар қандай мамандық болмасын ең

«Ұланнан» түлеп ұшқандар кімдер? Олардың газеттегі «ең алғашқы жетістік» пен «ең алғашқы сын» естелігі қандай? Басылымның бүгінгі жас тілшілері қандай тақырыптарда қалам тербеп жүр? Таяуда біз басылымның мұрағатын ақтарып отырып, бала кезінде «Ұланға» материалдарын жиі жолдаған «мәңгі жас тілшілермен» байланыс орнаттық. Онымен қоса, тұтас бір тарихты артқа тастаған басылымның бүгінгі тыныс-тіршілігіне шолу жасап, газетке тұрақты түрде мақала жазып

«ҰЛАН» — БАЛА ҚИЯЛЫНЫҢ



Тағы бір қызықты дерек, «Менің атым Қожа» көркем фильмінің алғашқы сценарий нұсқасы фильм ретінде таспаланбастан бұрын «Ұлан» газетіне жарияланып, әрі қарай талқыға түскен екен. Кезінде «Қазақстан пионері» деген атаумен шығып тұрған уақытта газеттің таралымы 250-300 мыңға дейін жеткен.

біріншіден оны материалдық тұрғыда бағалайды, қызметтің табыс көрсеткішін сұрайды.

Қазіргі «Ұлан» газеті әлеуметтік желіні белсенді жүргізеді. Инстаграмдағы сторисімізде «ЖИ-мен емес, мимен жаз» деген тақырыпшамен жиі ескертпе жариялап отырамыз. Өйткені қазір ЖИ-дің көмегімен мақала жазып жіберетін балалар да кездеседі, бірақ біз олардың мұндай әрекетін бірден танымыз. Расында, жаңа технологияның дамуы жазу процесіне, шығармашылыққа әсер ете бастады. Біз баланың жазу қабілетіне көз жеткізгеннен кейін ғана оны сұхбаттарға жібере бастаймыз. Жас авторлардың өздері қалаған кейіпкерлерінен сұхбат алуға мүмкіндігі бар, — деді бас редактор Ж.Нармаханова.

жүрген қазіргі буынның жас тілшілерін де әңгімеге тарттық.

**«ҰЛАН» АРМАНҒА
ЖЕТУ ЖОЛЫНДА
БЕРІЛМЕУДІ ҮЙРЕТТІ»**

Газетке жастайынан қалам тербеген жас тілшілердің алды қазір республикалық, халықаралық медиаларда журналист ретінде белсенді қызмет атқарып келеді. Олардың журналистиканың белгілі бір саласына бейімделуіне де басылымның ықпалы орасан. Қазіргі уақытта журналистік ізденісімен ғана емес, әлемнің әр нүктесінде өткен сапарынан ақпараттық танымдық контент әзірлей білетін Руслан Меделбектің есімі бүгінгі оқырманға жақсы таныс. Оның спорт журналистикасына



МЕРЕЙ

28 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

бағыт алуына да әуелгіде «Ұлан» газеті әсер еткен.

— Ең алғаш 5-сынып оқып жүрген уақытта мақаламды конвертке салып, ауыл поштасы арқылы «Ұлан» газетіне жолдайтынмын. Бастапқыда көбі газетке жарай бермеді. Бір күні 5-сыныпта қолмен жазған хатым газетте «Кел, танысайық!» деген айдармен шықты. Хатта жасым 10-да деп көрсетілгенімен, газетке 16 жас деп жарияланыпты. Бір қызығы, содан кейін 10 жасымда маған 9-10 сыныптың оқушылары хат жаза бастады. Бүгінге дейін олардың кейбірімен әлеуметтік желіде байланысымыз үзілген жоқ. Газеттегі ең алғашқы материалым 7-сынып оқушысы кезімде Грекияның астанасы Афина қаласында өтетін Олимпиада ойындарының қарсаңында жазған «Спортшы-

«ҰЛАН» БІЗГЕ ІЗДЕНІСТІ ҮЙРЕТТІ

«Ұланнан» түлеп ұшқандардың арасында есімі жиі аталатын авторлардың бірі — Данияр Жігітбек. Копирайтер, IT маманы басылымдағы ең алғашқы шығармашылық жолын өлең жазудан бастаған. Бүгінде бірнеше авторлық кітабын жарыққа шығарған әрі подкаст алаңдарынан жиі көрінетін ол әлеуметтік желіде тұрақты оқырманын қалыптастырған.

— «Ұлан» газетіне алғашқы тырнақалды өлеңдерімді 6-сыныпта жібердім. Алайда өлеңдерім басылым бетіне бірден шыға қоймады. Діттеген мақсатым — өлеңімнің газет бетінде жарық көруі еді. Бірақ ол мақсатыма бір жылдан кейін жеттім. «Ұлан-ның» жеке тұлға ретінде қалып-

Қытай, Қазақстан және АҚШ сынды мақалалар жаздым. Саяси тақырыптар негізінде басқа газеттерден алынған мәліметтерге анализ жасадық», — деді ол.

— «Ұлан» газетіндегі алғашқы сын мен жетістік бір-бірімен қабысып жатыр. Ең алғаш өлеңдерімді А4 форматтағы қағазға 14 бет көлемінде жазып, редактор Сұлтан Қалиұлының алдына алып бардым. Ол 14 беттің барлығын ерінбей тексеріп, шимайлап шықты. Осыдан кейін редакциядан шығып, автобуста басым салбырап қайтқаны есімде. Себебі қызыл шимай-шатпақ маған ауыр болып тиді. «Мен өлең жаза алмаймын, өлең — менікі емес екен» деп ойладым. Бұл жағдай мен үшін сабақ болды. Біраздан кейін есімді жиған соң поэзия кітаптарды ақтарып, өлең оқи бастадым. Алғашқы сын — маған өлеңді қалай жазу қажет екенін үйретті. Осыған дейін өлең деп жүргенім, шын мәнінде, өлең емес екенін түсініп, жана ізденіс жолына түстім. Бір жылдан кейін газет бетінде Сұлтан Қалиұлының сынынан өткен өлеңдерім жарық көре бастады. Содан бері қандай өлең жіберсем де, редакциядан басылып шығатын болды. Осының арқасында мен сенімділікке ие болдым. Республикалық Абай оқуларында өлең жазу бойынша 3-орын, Алматы қаласында өткен мүшәйраларда 1-орын алдым. Сұлтан ағайдың «Данияр үлкен ақындардан кем жазбайды» деген сөзі есімде сақталып қалды. Бұл — жетістік. Бірақ сынан кейін келген жетістік, — деп сөзін түйіндеді копрайтер, IT маманы Д.Жігітбек.

«СӨЗІМНІҢ ҚАДІРЛІ БОЛА АЛАТЫНЫН ҰҒЫНДЫРДЫ»

Араға жылдар салып басылымның даму бағыты да бірқатар өзгерісті бастан кешті. Мұны газеттің бүгінгі жас тілшілері көтеріп жүрген тақырыптар мен олардың жазу стилінен аңғаруға болады. Цифрлық дәуір үстемдік етіп тұрған заманда басылым тарихында мұндай өзгерістердің болуы да заңдылық. Қазіргі кезеңде «Ұлан» газетіне жиі қалам тербеп жүрген ең жас автор 8-сыныпта оқиды. Мейірілі Қай-



«Ұланмен» дос болғалы бері мен өзіме рухани орта, шабыт сыйлар достар таптым. Өзім секілді жас қаламгерлердің жан сырын бөлісіп, сөз арқылы биікке ұмтылғанын көргенде, мен де олар сияқты болғым келді.

сарқызы басылыммен ең алғаш қазақ әдебиеті сабағында танысқан. «Дәл сол сәттен бастап «Ұлан» — тек газет емес, санамды оятқан, қаламыма канат бітірген алғашқы шын жанашырыма айналды», — деп бастады әңгімесін белсенді автор.

— «Ұланмен» дос болғалы бері мен өзіме рухани орта, шабыт сыйлар достар таптым. Өзім секілді жас қаламгерлердің жан сырын бөлісіп, сөз арқылы биікке ұмтылғанын көргенде, мен де олар сияқты болғым келді. Бұл басылым — тек жазатындар емес, жүрегімен сезінетіндер жиналған үлкен отбасы дер едім. Мұнда әрбір жас қаламгер — үлгі, әрбір мақала — мотивация. «Ұлан» маған орта сыйлады. Бұл — ой бөлісетін, пікір алмасатын, бірге өсетін, бірге өрлейтін нағыз дос-жаранның мекені. Сонымен қатар өз ойымды ашық айтуға, пікірімді елге бөлісуге жол ашты. Ең бастысы, басылым менің де үнімнің естілетінін, сөзімнің қадірлі бола алатынын ұғындырды. Алдағы уақытта «Ұлан» газетіне жасөспірімдер психологиясы, цифрлық қауіпсіздік, білім мен тәрбие, экология және еріктілер мәдениеті туралы мақалалар жазғым келеді. Бұл тақырыптар

бүгінгі қоғам үшін аса маңызды. Себебі әрқайсысы біздің болашағымызға әсер етеді және замандастарымды ойландырып, әрекетке жетелей алады деп ойлаймын, — деді Мейірілі.

«СҮЙІКТІ БАҒЫТЫМ — СТОРИТЕЛЛИНГ»

«Ұланның» бүгінгі буынының қатарында жас тілші Әбдірахман Қайрат та бар. Қоғамдық іс-шаралардағы белсенділігі мен ізденісі арқылы көзге түскен Әбдірахман қазір 10-сыныпта оқиды. Былтыр желтоқсан айында «Жас тілші» куәлігін иеленді. Талапты жас газетте сторителлинг бағытындағы мақалалар жазғанды ұнатады.

— Менің сүйікті бағытым — сторителлинг. Барғанымды, көргенімді, сезгенімді жазу — мен үшін ерекше бақыт сыйлайды. 2024 жылы жарияланған материалдарымның басым бөлігі осы бағытта жазылған екен. Биыл ақпараттық, танымдық бағытта мақалалар жазуға ден қойдым. Алдағы уақытта қоғамның ішкі тынысын баяндайтын мақалаларды көбірек жазсам деймін. Мені қоғамдағы онсыз өзгерістер алаңдатады. Дәлірек айтсам, жасөспірімдер арасындағы мәселелер, буллинг және т.б. Әрине, бұл тақырыптарда материал жазу үшін мәселені жан-жақты зерттеп, іздену қажет. «Ұлан» менің жазу стилімді қалыптастыруға септігін тигізді, әлі де көмектесіп келеді. Бұл басылым — дамушы орта, қайталанбас сәттер. Редакциядағы әр жанның қолдауының орны бөлек, — деді жас тілші Әбдірахман.

«Ұлан» — ұрпақтар үнін жалғайтын, баланың таным көкжиегін кеңейтетін ұлағатты ұнапарак. Бір ғасырдың тұтас тарихын арқалаған басылымның ғұмырлы болуы — өткеннің өнегесі, бүгінгінің мақтанышы. Бұл ұнапарак әлі талай буынға үміт пен сенім сыйлап, олардың қанатын қатайтатын серігі болып қала береді.

ҚАНАТЫ

ларға сәт сапар!» атты шағын жазба ретінде жарық көрген. Сол жазба шыққан уақытта үйге сүйіншілеп барғаным есімде. Мақаламды поштаға апарған уақытта қызметкерлер: «Мына хатынның салмағы артып кетті, ақысын төлеу қажет. Қазір жолдан қайтарып жібереді», — деді. Сол жылдары бір конверттің өзі 35 теңге тұрушы еді. Ауылды жерде бұл ақшаның өзін табу оңай шаруа емес еді ғой. Сонымен, дәптердің парағына мақаланы қолмен әдемілеп жазуға тырысып, 35 теңгеге сатып алған конвертке бірнеше хатымды салып жібердім, — деп еске алды Руслан Меделбек.

Газеттің жас тілшісі сол жылдары пошта қызметі әлсіз болғанын айта отырып, кейде қоғамдағы үлкендердің салғырттығы бала арманының орындалуына тосқауыл болатынын түйреп өтті.

— «Ұлан» газеті маған армандауды және сол арманға жету жолында берілмеуді үйретті. Бала кезімде газетке шықсам деген арманым болды, ал оны жүзеге асыру үшін күнде жазу қажет екенін ұғындым. Редакцияға жазған хаттарыма Сұлтан Қалиұлы, Бағдат Мәжитов ағаларымыз кері байланыс беретін. Мақалам газетке шықпаса да қайта-қайта жібере бердім. Газетке спорт тақырыбында, соның ішінде футбол, әлем чемпионаты, Олимпиада ойындары туралы көп жаздым. Бір күні жазған мақаламның барлығы апта сайын бірінен кейін бірі шыға бастады. Сол кездері поштаның қызмет көрсету сапасы ақсап тұрды. Бала болған соң шарасыз күйде қаласын. Апталап күткен газеттің кейбір нөмірі келмей қалған сәттерде поштаға баратынмын. Бірақ поштадағы қызметкерлер «газет келмей қалды» деп мұны қалыпты жағдай ретінде қарайды, — деді журналист, саяхатшы Р. Меделбек.



СПОРТ

28 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Журналистикада шаблонға сыймайтын тақырып болса, ол – спорт тақырыбы. Әлемдік спорт додасынан хабар таратып, жеңісті жаңалықты сүйіншілейтін де осы саланың мамандары. Олар доданың аурасын айна-қатесіз бейнелеп, спортшының жан тебіренісін қалың оқырманға жеткізеді. Бірақ бұл саладағы журналистің жағдайы – Олимпиадаға баратын спортшының хәлімен бірдей: барын салып еңбек етеді, бірақ мойындалуы сирек. Олар да Олимпиада алауымен бірге жанып, бірге сөнеді.



ЖЕҢІСТІ КҮНДЕРДІҢ ЖАРШЫСЫ



Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

ДОДАНЫҢ ДЕМІН ЖЕТКІЗГЕН...

Еліміздегі спорт журналистикасының тамыры Кеңес үкіметі кезеңімен тұтасып жатыр. 1930 жылдардан кейін «Социалистік Қазақстан» газетінде ұлттық спорт түрлері жөнінде заметка шыға бастады. Міне, бұл еліміздегі спорт журналистикасының бастауы еді. Ұлы Отан соғысына дейін көбінесе көкпар, күрес түрлері туралы азды-көпті материал жарық көрді. Кейіннен, халық бокс, футболға қызығып, ақпарат кеңістігі ұлғая бастады. Газетте спорт айдары тұрақтанып, оқырман қызыға оқитын дүниені жазуға құлшыныс артты. Спортшының жанкешті жұмысы, жарыс атмосферасы, көрермен

кыиыстыру алғышартын жасап берді. Оның «Мехико дүбірі» ел ішінде жаңғырып, қазақ спорт журналистикасының стандартын сызып берді. Жұртқа футбол феноменін түсіндіріп, қанат бітірген де – Сейдаған. Қазір де спорт журналистері Бердіқұловша жазуды, эмоция мен өлшемді тоғыстыруды ойлайды. Ол газеттегі спорт ақпараты, мақаласы, репортажының жазылу тәртібін көрсетті. «Жас Алаштағы» спорт бетінің айрықша түрленіп, жаңа форматта шығуына да жазушының ықпалы зор. Бертінге дейін газеттегі спорт бетін қызыға оқып, қиындысын жинап жүрдік.

Иә, тәуелсіздік алған соң, спорт журналистикасына қанат бітті. 2003

мектебін Аманкелді Сейітхан түлеті түсті. Сейдахмет Бердіқұлов, Несіп Жүнісбай жазбасынан оқитын футбол тойы тікелей эфирде «Амангелдіше» сөйледі. Жарқын дауыс, тауып айтқан сөз талайды тамсандырды. Ұлт футболына өле-өлгенше жаны ашып, тығырықтан шығар жол іздеп кеткеннің бірі – Аман аға. Оның жеңіс туралы «Сен туғанда шешен бекер қалжа жемеген екен...», футболдағы сәтсіз ойыннан соң «Шіркін, Зидан қазақ болғанда ғой» дегені ел есінде. Сидней Олимпиадасында Бекзаттың жеңісіне сүйінші сұраған үні де әр қазақтың жадында жаңғырып тұр. Тікелей эфирден «Жеңісті күндерде жүздескенше» естіп қалармыз деп елегізетініміз де содан. Сол үшін Ермұхамед Мәулен осы тіркестің ұмытылмауынна үлес қосып жүр. Қазір Ғалым Сүлеймен Egemen Qazaqstan газетінде спорт жайын майын тамызып жазады. Одан бөлек, спорт журналистикасында брендке айналған есім жетерлік. 2000 жылдардан кейін еліміздегі ірі корпорациялар әлемдік доданы тұрақты түрде тікелей эфирден көрсетуді қолға алды.

САЛАДАҒЫ САН ТҮЙТКІЛ

Жаңа дәуірдегі спорт журналистикасының хабар тарату тетігі түрленді. 2010 жылдан бастап Vesti.kz, Prosport.kz ақпарат айдынына шықты. Бұдан ілешала спорт сайттары көбейді. 2013 жылы Qazsport телеарнасы ашылып, ел спортына серпін берді. Спортшылар туралы арнайы бағдарлама, тұрақты тікелей көрсетілім мен талқылау алаңы пайда болды. Салада жаңа тыныс ашылғандай күй кештік.

Осы көшке әлеуметтік желінің ықпалы қосылды. Qazsport арнасымен қатар ел ішінде «В контакте» желісіндегі спорт парақшалары танымал бола бастады. Медида алғашқы миллион оқырманды да аталған желідегі парақша жинады. Сол үшін медидағы бренд қалыптастыруды бастаған да – спорт сайттары. Соған орай портал өз күнін өзі көруді, жарнама тартуды қолға ала бастады.

Десе де, ақпарат кеңістігі кеңейген сайын саладағы кем-кетік те айқын көріне бастады. Ақпарат көкжиегінде спорт платформасының бәсекеге шыдас беруі қиындады. Бірнеше спорт сайты

жабылды. Саладағы жалақының төменіне қарамай, Qazsport журналистері барынша арнаны аяққа тұрғызды. Әсіресе, 2015 жылдан кейін қазақ тілінде тұрақты ақпарат берген спорт сайты сиреді. Жеке спорт сайты ретінде амал таппасын білген кейбірі ақпарат порталының ішінен спорт бөлімін ашуды жөн санады. Көбінесе, қазақша сауатты ақпаратты танымдық порталдан оқыдық. Бұл мәселе біразға дейін шешілмеді. Былтыр Astana Media Week-та да спорт журналистикасының жайы талқыланып, бәсекеге қабілет туралы сөз болды.

«Спорт журналистикасы барлық спорт түрін қамтитынына қарамастан, кез келген спорт түріне қатысты сараптама жасап, пікір білдіретін спикерлердің, оның ішінде қазақтілді маман аз. Саладағы негізгі қиындық тудырып отырған мәселе – осы», – деді белгілі спорт журналисі Әділет Құсайынов.

Расымен, спикер айтқандай, қазір спорт саласы басқа сипатқа ие. Өйткені кез келген адам TikTok-та влог бастап, біршама оқырман жинап жүр. Live форматта видео түсіріп, әлеуметтік желіде жазба жариялауы да жылдам. Сондықтан телеарнаға ақпаратты басқа қырынан ұсынатын сәт келді. Фактчек жасау, эксклюзив материал, репортаж жасау кезегі күтіп тұр.

Сақа журналист Есей Жеңісұлы айтқандай, әр спорт түрінің басын бір шалмай, біріне мамандану керек. Сонда ғана салада сапа алдыңғы орынға шығады. Қазір бұрынғы спортшыны сарапшы ретінде тарту – маңызды. Себебі белгілі бір спорт түрін одан артық білетін адам жоқ. Сондықтан Qazsport арнасы экс-спортшыларды комментатор қасына жұптауды әдетке айналдырған.

Спорт жарыстары, соның ішінде Олимпиада ойындары, футболдан әлем чемпионаты тәрізді турнирге бару – мәртебе. Журналист Руслан Меделбек те спорт журналистикасындағы деңгей Олимпиада ойындары аккредитациясымен өлшенетінін айтқан-ды. Кейінгі жылдары жаһан додасынан ақпарат тарататын қазақ журналистері көбейді. Мұның өзі әлемдік стандартқа сай мамандардың көбейіп келе жатқанын көрсетеді. Соған сай спорт журналистері де медиа-кеңестік жасаудың жолына түсті. Қазір Youtube-та көп қаралым жинайтын подкастың тақырыбы да – спорт. «Бірінші бол», «Ақары және гол», «Спорт министрі», Ақары Сейітказы арнасының қаралымы көп. Түрлі желіде де аталған каналдың парақшасында оқырман жетерлік. Осы арқылы журналистер сауатты контент оқырман жинайтынын, тек оны жеткізу жолы әртүрлі екенін мойындатты.

Спорттағы медиа саласына түрлі федерация жұмысы да кіреді. Бұрын бірді-екілі федерацияда баспасөз бөлімі болса, қазір дені әлеуметтік желіде белсенді. Бір-бірімен коллаборация жасап, жаңа форматта ақпарат тарады. Соған сай спорт саласына маманданған медиа-менеджер, PR бөлімі, SMM маман, монологтар көбейді. Айта кетерлігі, әлі де спорт саласына, соның ішінде федерация жанында жұмыс істейтін маманның жалақысы төмен. Спорттың басы-қасында жүргеннің дені – жанкүйер.

Спорт журналистеріне берілетін биік марапаттың бірі – Сейдахмет Бердіқұлов атындағы сыйлық. Осыдан екі жыл бұрын Спорт және туризм министрлігі «Жыл үздігін» ұйымдастырып, сонда спорттың басы-қасында жүргендерді марапаттауды бастады. Ал журналистика саласындағы беделді марапат саналатын «Тұмарда» спорт журналисіне арналған аталым болғанымен, «Үркерде» жоқ. Сала мамандары да мұндай іс-шарадан тыс қалып жататынын жасырмайды. Өйткені олар қандай нәтиже болмасын процестен ләззат алып үйреніп қалған болар...



қолдауы бұл саланың келешегі жарқын екенін көрсеткендей. Осыдан кейін 1959 жылы тұңғыш рет «Спорт» газеті оқырманға жол тартты. Бұл спортқа машықтанғысы келген маманға жаңа жол ашты. Одан бөлек, КСРО жоғары лигасында өнер көрсеткен «Қайраттың» ойыны тікелей эфирден берілді. Жанкүйер алғаш рет ойын аурасын сезініп, спорт әлеміне сүңгі бастады.

Спорт журналистикасының сүйегі қатаюына Сейдахмет Бердіқұловтың рөлі айрықша. Репортаж жанры, статистиканы сөйлету, алаң мен адам өмірін қатар

жылдан бастап Sport Review журналы ашылып, «Хабар» арнасы әлемдік жарыстарды тікелей эфирден тарата бастады. Осы тұста Сұлтанғали Қаратайұлы бірден ойға оралады. Талантты журналист «оң қаптал», «сол қаптал», «айып алаңы», «қосалқы құрам» тіркесін қазақша түрлендірді. Ол жетпісінші жылдары Алматыдағы Орталық алаңда қазақша ойын жүргізген алғашқы комментатор. Бұл кезең жанкүйердің көңіл көкжиегінде сақталған сәт-ті. Оның шәкірттері де телевизияда табысты еңбек етті. Қаратайұлы қазығын қаққан комментаторлар

БІЗДІҢ СҰХБАТ

28 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Қазақстанда аймақтық даму біркелкі жүріп жатқан жоқ. Бір өңірлер өндіріс пен инвестиция тартуда алға озса, кейбір облыстар артта қалып, әлеуметтік және экономикалық мәселелермен күресіп келеді. Мемлекет басшысы осыған дейін аймақтардағы экономиканың өркендеуіне серпін беретін жаңа мүмкіндіктерге жол ашу қажет екенін және өңірлердің даму деңгейіндегі теңсіздікті жою – мемлекет алдында тұрған негізгі міндеттің бірі екенін атап өткен болатын. Аймақтар арасындағы теңсіздіктің негізгі себебі не? Қай өңірлер дамудың драйверіне айналып келеді, ал қайсысы сол баяғы күйде қалуда? Осы сауалдарға жауап алу мақсатында біз AERC консалтингтік қызметтер департаментінің аға талдаушысы Ерасыл Серікбаймен сұхбаттастық. Сарапшы аймақтар арасындағы әлеуметтік-экономикалық алшақтықтың себептерін тарқатып берді.



Ерасыл СЕРІКБАЙ,
экономика сарапшысы:

ӨҢІРЛЕРДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ ҚАЙТА ҚАРАУ ҚАЖЕТ

— Аймақтар арасындағы алшақтық қандай деңгейде? Оны қалай азайтуға болады?

— Қазақстанда аймақтар арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінде айқын айырмашылық бар. Оны өңірлердің жалпы өңірлік өнімі (ЖӨӨ), халықтың табыс деңгейі, инфрақұрылыммен қамтылуы, білім және денсаулық сақтау сапасы сияқты көрсеткіштерден байқауға болады. Мысалы, Атырау, Астана, Алматы қалалары жан басына шаққандағы ЖӨӨ бо-

лика бойынша орташа мән — 14,2 мың доллар. Оның басты себебі ірі қалаларда қосылған құны жоғары қызмет көрсету салалары мен шағын және орта бизнестің қарқынды дамуы, инновациялық жобалардың көптеп шоғырлануы және инвесторлар үшін тартымды орта қалыптасуы.

кешенді және бағытталған саясат қажет. Атап айтқанда: көлік, логистика және интернетпен қамтуды қамтитын инфрақұрылымды тең дамыту; мемлекеттік субсидиялар мен трансферттерді тиімді әрі нысаналы түрде бөлу; жергілікті кәсіпкерлікті дамыту мен инвестициялық ахуалды жақсарту арқылы өңір экономикасын әртараптандыру; білім мен денсаулық сақтау саласына теңгерімді инвестиция салу — өңірлердің болашағы үшін маңызды қадам болмақ.

— Аталмыш өңірлердің артта қалуына нақты не түрткі болып отыр деп ойлайсыз?

— Жаңа айтып өткенімдей, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша Түркістан, Жетісу, Ұлытау, Абай облыстары салыстырмалы түрде артта қалған өңірлер санатына жатады. Бұл аймақтардың артта қалуы бірқатар құрылымдық және институционалдық факторлармен байланысты. Артта қалған өңірлердің дамуын тежеп отырған бірқатар құрылымдық және институционалдық мәселелер бар. Ең алдымен, бұл аймақтарда индустриялық база әлсіз дамыған. Өндеуші өнеркәсіптің үлесі төмен, ал өндірістік әртараптандыру іс жүзінде жүргізілмеген. Одан бөлек, инвестициялық белсенділік төмен деңгейде қалып отыр. Бұл өз кезегінде ішкі сұраныстың шектеулі болуымен, жол, электр желілері, цифрлық инфрақұрылым сияқты базалық инфрақұрылымның жетіспеуші-

лігімен, сондай-ақ әкімшілік тосқауылдармен түсіндіріледі. Тағы бір маңызды фактор — еңбекке қабілетті жастардың жаппай ірі қалалар мен экономикалық дамыған аймақтарға көшуі. Мұндай көші-қон үрдісі нәтижесінде ауылдық және шалғайдағы өңірлерде кәсіби кадрлар тапшылығы болады.

Мысалы, Ұлытау облысында, жан басына шаққандағы ЖӨӨ 23,1 мың АҚШ долларын құрайды. Бұл жоғары көрсеткіш болғанымен, жалпы аймақтық экономикалық даму деңгейінің құрылымдық сипаты әлсіз. ЖӨӨ көрсеткішінің жоғары болуы облыстағы халық санының аздығына байланысты. Ұлттық статистикаға сәйкес, Ұлытау облысы республика бойынша халық саны ең аз өңір болып есептеледі, яғни 2025 жылдың басында — 221 290 адам болды. Жалпы алғанда, өңірдің экономикалық базасы мен әлеуметтік инфрақұрылымы даму жағынан республикадағы жетекші өңірлерден артта қалып отыр.

— Ұлытау облысы да жаңадан құрылған облыстар қатарында.

ауылдық жерлерде өзекті. Ал өндірістік әртараптандырудың болмауы көптеген облыстың тек бір салаға тәуелді екенін көрсетеді. Ішкі көші-қон және урбанизация мәселесі де еңбекке қабілетті халықтың ірі қалаларға көшуіне алып келеді, бұл өз тарабында ауыл аймақтардың дамуын тежейді. Сондай-ақ институционалды әлсіздік, инвестициялардың тапшылығы және стратегиялық жоспардың тиімсіздігі аймақтар арасындағы алшақтықты күшейтеді.

— Республикалық маңызы бар қалаларды айтпағанда, қай өңірлер ең жылдам дамып келе жатыр деп айта аласыз?

— Әлеуметтік-экономикалық даму үрдістеріне талдау жасай отырып, Астана, Алматы және Шымкент қалаларын есепке алмағанда, соңғы жылдары Маңғыстау, Атырау және Алматы облыстары салыстырмалы түрде жоғары даму қарқынын көрсетіп отыр. Маңғыстау және Атырау облыстарының жетекші позициялары, ең алдымен, мұнай-газ секторына негізделген, бірақ логистика және қызмет көрсету саласы да дамып келеді.

Ұлттық статистика деректеріне сәйкес, жаңа 3 облыс құрылған уақыттан бері, яғни 2022 жылдан бастап 2024 жылға

дейінгі аралықта, Абай, Жетісу және Ұлытау облыстары салыстырмалы түрде қарқынды дамып келеді. Атап айтқанда, 2 жылдық мерзімде жан басына шаққандағы ЖӨӨ Абай облысында 32,5%, Жетісу облысында 45,9%, Ұлытау облысында 46,0%-ға артты. Бұл өсім көрсеткіштері әкімшілік бөлініс нәтижесінде жеке өңір ретінде дамуға институционалдық және қаржылық негіздердің пайда болғанын білдіреді. Дегенмен аталған өсім қарқынын базалық эффектімен түсіндіруге де болады, себебі жаңадан құрылған облыстар бастапқыда төмен экономикалық базадан шыққан.

Егер 5 жылдық мерзімді қарастыратын болсақ, яғни 2019-2024 жылдар аралығында жылдам дамып келе жатқан облыстардың қатарына Алматы (96,8%), ШҚО (84,2%), Қостанай (72,4%) облыстарын жатқызуға болады. Бұл аймақтық экономикада индустриялық және агроөнеркәсіптік әртараптандыру, ішкі сұраныс өсуі және мемлекеттік қолдау шараларының әсерін көрсетеді. Дегенмен айта кету керек, аймақтық даму қарқынын тек ЖӨӨ өсімімен өлшеу шектеулі талдау болар еді. Аймақтардың даму деңгейін кешенді бағалау үшін басқа сапалық және құрылымдық көрсеткіштерді, мәселен, жұмыспен қамтылу құрылымы, кәсіпкерлік белсенділік, адами капитал сапасы, инфрақұрылым деңгейі, инвестиция көлемі және тағы басқа көрсеткіштерді анықтау қажет.

— Өңіміңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ДҮЙСЕН

Егер 5 жылдық мерзімді қарастыратын болсақ, яғни 2019-2024 жылдар аралығында жылдам дамып келе жатқан облыстардың қатарына Алматы (96,8%), ШҚО (84,2%), Қостанай (72,4%) облыстарын жатқызуға болады.

йынша ұлттық орташа көрсеткіштен бірнеше есе жоғары болса, Түркістан, Жетісу немесе Жамбыл сияқты өңірлер бұл көрсеткіш бойынша артта қалып отыр. Мысалы, Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2024 жылы Атырау облысында жан басына шаққандағы ЖӨӨ 45,2 мың АҚШ долларын құрап, республикалық деңгейде ең жоғары көрсеткішке ие болды. Әрине, мұнда өңірдің мұнай мен газ өндіру секторының шоғырлануы мен экспорттық потенциалы үлкен рөл ойнайды. Ал Астана мен Алматы қалаларында жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) көрсеткіштері елдің орташа деңгейінен айтарлықтай жоғары. Астанада бұл көрсеткіш — 22,3 мың АҚШ долларын, Алматыда — 27,6 мың долларды құрайды. Ал респуб-

Ал елдің оңтүстігіндегі Түркістан облысында жағдай мүлде басқа: мұнда жан басына шаққандағы ЖӨӨ небәрі 4,5 мың доллар шамасында. Жетісу мен Жамбыл облыстарында да бұл көрсеткіштер — тиісінше 6,5 мың және 5,6 мың доллар — республикалық деңгейден әлдеқайда төмен. Бұл өңірлер негізінен ауыл шаруашылығына бейімделген, өндірістік қуаттары әлсіз және инвестиция тарту мүмкіндіктері шектеулі.

Нәтижесінде, Атырау мен Түркістан облыстары арасындағы жан басына шаққандағы ЖӨӨ көрсеткіші бойынша айырма — 40,7 мың АҚШ долларына жетіп отыр. Бұл — еліміздегі өңірлер арасындағы даму деңгейінің қаншалықты алшақ екенінің нақты көрінісі. Мұндай теңсіздікті еңсеру үшін

АЙМАҚ

28 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

МӘСЕЛЕ

ЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ
ЖАНАЙҚАЙ

Атырау облысында жол-көлік оқиғаларының саны күннен-күнге өсіп барады. Бұл жай ғана статистика емес, әрбір деректің артында бір отбасының қайғысы, қаза болған адамның тағдыры, жарақат алған баланың үміті жатыр. Жол қауіпсіздігіне қатысты мәселе бүгінде өңір халқын ғана емес, билікті де алаңдатып отыр.

А Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

Бір ғана жылдың ішінде 1000-ға жуық адам зардап шеккен. 2024 жылдың соңына дейін Атырау облысында 600-ден астам жол-көлік оқиғасы тіркеліп, соның салдарынан 73 адам қаза тауып, 858 адам жарақат алған.

Жыл басынан бері Атырау облысы бойынша 655 жол апаты тіркелген. 36 адам қаза тауып, 950 жарақат алған. Бір өкініштісі, ажал жас таңдамайды. Көз жұмғандар арасында тұтас отбасылар, балалар, ересектер де бар...

Атырау облысы Полиция департаментінің баспасөз хатшысы Мейірім Ердаулеттің айтуынша, көп жағдайда апаттар адамның немқұрайдылығы мен асығыстығынан болады. «Жүргізушілер ережені сақтамайды, ал жаяу жүргіншілер жарықсыз жерден өтеді. Әсіресе, ауылдық аймақтардағы жолдарда малдың жолға шығуы өте қауіпті. Қазір біз «Сергек» пен басқа да цифрлық жүйелерді кеңейтудеміз. Бірақ басты құрал — тәртіп пен сана», — дейді ол.

Есболат Балабаев — арбаға таңылған ерікті. Ол полиция қызметкерлерімен бірге үнемі рейдке шығып, өзінің де кезінде жол апатының құрбаны болғанын жүргізушілерге айтып, оларды жол ережесін сақтауға шақырып жүр.



«Қаламызда жол-көлік оқиғалары жиі болады. Бүгінде Атырауда 400-ден астам адам жол апатынан зардап шеккен. Өзіміз де осы жағдайды бастан өткерген соң жол апатының салдары қандай ауыр болатынын жақсы түсінеміз. Жол қателікті кешірмейді. Сондықтан жолда әрдайым абай болыңыздар», — дейді қоғам белсендісі.

Белсендінің айтуынша, бізге тек бақылау емес, түсіндіру керек. «Балалармен, жас

өспірімдермен жүйелі жұмыс жүргізу керек. Қазіргі мектептерде «Жолда жүру мәдениеті» сабағы қайта енгізілсе, тиімді болар еді. Жол қауіпсіздігі тек полицияның емес, әр отбасының жауапкершілігі» дейді ол.

Атыраулық тұрғын, 20 жылдан бері көлік тізгіндеп жүрген кәсіпкері жүргізуші Кабиболла Рахмановтың айтуынша, Атырауда жол апаттарының едәуір бөлігі тар, кеңейтілмеген жолдарда болады. «Бұл әсіресе қаланың шеткі

аудандарында және республикалық бағыттарда анық байқалады. Жолдарда маневр жасау мүмкіндігі аз болғандықтан, қарсы бағытқа шығу немесе бірін-бірі басып озу әрекеттері көп жағдайда апатпен аяқталады. Сондықтан жолды кеңейтуге, үш, төрт жолақты жол салуға мән беру керек» дейді ол.

Сөзінің жаны бар, бір ғана Атырауда қалаішілік жолдың көбі екі жолақты ғана, ал кей көшелер мүлде кеңейтілмеген. Қазір жаңа ықшам аудандар — Нұрсая, Талғайраң, Балауса, Бірлік — көлік қозғалысы тығыз учаскелерге айналып барады.

Республикалық маңызы бар «Ақтөбе — Атырау — Астрахань», «Доссор — Құлсары — Бейнеу», сондай-ақ «Орал — Атырау» бағытындағы жолдар — ең қауіпті учаскелердің қатарында. Бұл жолдарда тәулігіне 9 мыңнан астам көлік өтеді. Алайда жол жүктемесі үшін есептелген мөлшер небәрі 3,5 мың. Яғни, жолдар ауыр көлік қозғалысына лайықталмаған.

Қалаіші мен маңындағы негізгі жолдар екі жолақты ғана, ал көлік саны жыл сайын артып келеді. Облыс көлемінде жаяу жүргіншілерге қатысты тіркелген оқиғалар саны — 514. Оның ішінде 18 адам қаза тапқан.

Жол ережесін мектептен бастау керек дегеннің жаны бар, себебі жыл басынан бері Атырау облысында кәмелетке толмаған

дардың қатысуымен 268 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, салдарынан алты жасөспірім көз жұмған. Тағы 310-нан астам бала түрлі дене жаракатын алған. Бұл сандар жол қауіпсіздігі мәселесінің қаншалықты өзекті екенін көрсетіп отыр. Жолға үй жануарларының немесе жайылып жүрген ірі қараның шығуы — өңірдегі апаттардың бір себебі. 2023 жылдың өзінде жануарлар себеп болған 30-дан астам оқиға тіркелген.

Бүгінде өңірде «Сергек», «Кибер-шериф», Ekin Patrol сияқты цифрлық бақылау жүйелері енгізілуде. 300-ден астам полиция мен 125 автокөлік жол қозғалысын қадағалауда. Сонымен қатар «Жол қауіпсіздігі апталығы», «Қорғау» мобильді қосымшасы, арнайы патрульдік топтар іске қосылып отыр.

Айта кету керек, Атырау облысы бойынша жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы — 3051,6 шақырым, соның ішінде республикалық маңызы бар 990 шақырым, облыстық маңызы бар 973 шақырым, аудандық маңызы бар 1088,6 шақырым. Атырау облысы арқылы өтетін республикалық маңызы бар трассалар мен ауданаралық тасжолдардың жағдайы сын көтермейді. Шұрық тесік, арнайы белгілер мен жарықтандыру жеткіліксіз жолдар көлік жүргізушілерін қатерге итермелеп отыр.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН:

Атыраудағы жол апаттарының көбеюі — кешенді мәселе. Ол тек тәртіпке емес, жол сапасына, жолдың еніне, инфрақұрылымға да байланысты. Қала мен облыста көлік саны көбейіп жатқан шақта жолдарды кеңейтпей, қауіпсіздік мәселесін шешу мүмкін емес. Уақыт — шешуші фактор. Егер нақты қадамдар бүгін басталмаса, ертең тағы да сандар емес, тағдырлар зардап шегеді.

Айта кету керек, биылғы 1 қаңтардан 31 мамырға дейінгі аралықта республика бойынша 12 219 жол апаты тіркелген. 17 мыңнан астам адам зардап шегіп, соның 700-ден астамы ажал құшқан. Бұл қорқынышты болса да, ресми дерек. Жылағың келеді. Дегенмен дәл қазір сіз бен біздің қолымыздан келетіні — жол бойында қарапайым қауіпсіздік ережесін сақтау болып тұр. Себебі көлік тізгіндеген жүргізушінің жол ережесін сақтауы — үйге аман жетудің кепілі.

ДАМУ

ҮЗДІКТЕРГЕ ҮМІТ АРТЫП...

Елордада жұмысшы мамандықтар жылына орай ұйымдастырылған қорытынды жиында үздік колледж студенттері арнайы марапаттарға ие болды. Оқу озаты атанып, түрлі ғылыми жоба мен спорттық-мәдени шарада белсенділік танытқан 17 студентке алғысхат табысталды. Сонымен қатар білім алушылардың жетістігіне жол сілтеп, шығармашылық жобалар мен ғылыми ізденістерде жетекшілік еткен оқытушылардың да еңбегі еленіп, бірқатарына құрмет грамоталары мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Шара жыл бойы атқарылған жұмыстардың қорытындысы ретінде ұйымдастырылып, жастарды ынталандыру, қолдау көрсету және болашақ кәсіби бағыт-бағдарын айқындауға бағытталды. Қалалық қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің түлегі Еркебұлан Махмұтов жұмысшы мамандықтарын насихаттау мақсатында көптеген маңызды іс-шара ұйымдастырылғанын атап өтті.


— Жыл бойы түрлі байқау мен фестиваль өтті. Қазір біз Астана

каласында өтетін халықаралық деңгейдегі еуропалық «Euroskills Herning 2025» байқауына дайындық үстіндеміз. Алматы мен Астанадан екі үміткер таңдалып, оларды үлкен додаға дайындап жатырмыз. Бұл — біз үшін үлкен жауапкершілік әрі зор мүмкіндік, — деді ол.

Жиын барысында білім алушылар марапатталып қана қоймай, өздерінің жобаларын да таныстыру мүмкіндігіне ие болды. Астана Политехникалық жоғары колледжінің студенттері арнайы

жоба аясында өздерінің дипломдық жұмыстарын көпшілік назарына ұсынды.

— Бүгін біз бұл шараға колледжіміздің түлектері әзірлеген дипломдық жобаны алып келдік. Бұл жоба — кез келген өнімді жасап шығаратын зауыттың шағын макеті. Оның басты ерекшелігі — өндіріс процесі адамның араласуынсыз автоматты түрде жүреді. Яғни, сіз маркетплейс арқылы қандай да бір тауарға тапсырыс берсеңіз, бұл зауыт сіздің қалауыңызға сәйкес өнімді өзіңізден жасап шығара-



ды, — деді колледж директорының орынбасары Самир Керимов.

Биыл елордада Жұмысшы мамандықтар жылы аясында еңбек адамын дәріптеу мен қолдау бойынша бірқатар мазмұнды жоба жүзеге асты. Арнайы көрмелер, кәсіби байқаулар, семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылып, студенттердің кәсіби

шеберліктерін арттыруға мүмкіндік жасалды. Жастарға арналған бұл бастамалар олардың еңбек нарығындағы әлеуетін арттырып қана қоймай, қоғамда жұмысшы мамандықтарға деген көзқарасты оң бағытқа өзгертуге де ықпал етуде.

Ақбота МҰХТАР,
ЕНУ-дың 2-курс студенті



КӨЗАЙЫМ

28 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Шын әртіс үшін театр – жан тыныштық табатын жеке әлем. Театр – оның мамандығы емес, жүрегіндегі дерт, жанындағы тыныс. Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының актрисасы Бегімнұр Қалила – дәл сондай жан.

Бегімнұр ҚАЛИЛА,
актриса:

ТЕАТР МАҒАН КІТАП ОҚУДЫ ҮЙРЕТТІ

— Актриса болу бала күнгі арманыңыз ба, әлде бұл жолға кейіннен келдіңіз бе?

—Иә, мені ата-анам үш жасымнан бастап ән айтуға баулыды. Мектепте, бірінші сыныпта мұғаліміміз анкета толтыртыпты. Жақында ғана соны тауып алып қарасам, «Өскенде кім боласыз?» деген сұраққа «әнші, әртіс боламын» деп жауап беріппін. Кейін ойланып қарасам, қазіргі болып жатқанның бәрі бекер емес екен. Әртіс болуды бала күнімнен армандап, қиялдап келіппін. Бейнебаяндар көріп, ішіндегі әншілерді өзімше қайталап жүретінмін. Сол қызығушылығымна қарап, анам маған сәукеле мен түрлі көйлек тігіп беретін. Мектепте ең белсенді оқушылардың бірі болдым. 2007 жылы Астана қаласына өнер мектебіне ауыстым. Сол кезде қазіргі ұлттық театрдың талантты актрисасы Сая Токманғалиева мені театр әлемімен тереңірек таныстырды. Содан бастап театр менің өмірімнің бір бөлшегіне айналды.

—Бүгінге дейін көптеген кейіпкерді сомдадыңыз. Солардың ішінде сіздің жаныңызға ең жақын, ерекше әсер қалдырған рөл қайсысы?

—Мен үшін сомдаған әр рөлімнің орны ерекше. Себебі әр рөлге қолдан келгенше күн-түн демей еңбек етемін, тер төгіп дайындамын. Сондықтан әр рөлім — мен үшін бір төбе. Дегенмен ерекше есте қалған, әлі күнге дейін ізденіп жүретін кейіпкерлерім де бар. Мысалы, Астана мюзикл театрында жұмыс істегенімде «Ромео мен Джульетта» қойылымында Ромеоның анасы — Леди Монтекидің рөлін ойнадым. Мюзикл болғандықтан, рөл вокалдық мүмкіндіктерге қарай бөлінді. Бұл рөл менің есімде ерекше сақталып қалды.

Гүлназ Балпейісова режиссерлік еткен «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» қойылымындағы Тансық рөлі де мен үшін шығармашылық жағынан көп ізденіс пен еңбек талап еткен күрделі образ болды. Режиссер Әлібек Өмірбекұлы қойған «Дон Кихот» пен «Қыз Жібек» қойылымдарында көп сабақ алдым. Дәурен Серғазин ағамыздың режиссерлігімен өткен «Қыз жиырмаға толғанда» қойылымындағы Жібектің рөлі де мен үшін ерекше.

— Жаңа рөлге дайындалу барысында сіз үшін ең маңыздысы не? Кейіпкердің болмысын қалай зерттейсіз?

—Шығармадағы кейіпкер туралы берілген ақпаратты алдымен мұқият зерттеу маңызды. Содан соң сол бейнеге ұқсайтын адамды өмірден іздеймін. Оның қылығын, жүріс-тұрысын бойыма көшіруге тырысамын. Әрине, тек сырттай емес, өз ішкі түйсігіммен де кейіпкерге жан бітіруге тырысамын.

Кейде кейіпкер туралы тек сырт келбеті сипатталса, соның негізінде ішкі жан дүниесін елестетемін. Керісінше, ішкі болмысы берілсе, сыртқы бейнесін өзімше құрас-тырамын. Осылайша, образ толық қалыптасады.

—Жас актриса ретінде өзіңіз үлгі тұтатын актер немесе режиссер бар ма? Неліктен дәл сол тұлға?

—Алысқа бармай-ақ өз театрымыздан бастайын. Маған сахнада әр рөлі ерекше әрі түрліше ашылатын Нұркен Өтеуіл қатты әсер етеді. Оның өнерін үнемі бақылап, үлгі аламын. Нұркен ағаның тума таланты мен Алла берген дарыны маған шабыт беріп қана қоймай, өз бойымда сондай нәрсе бар ма деп үңілуге итермелейді. Ол кісінің кейіпкерді қалай зерттейтіні, қалай жұмыс істейтіні — мен үшін өте қызық. Сонымен қатар Сырым Қашқабаяев, Қуандық Қыстықбаев, Жасұлан Ерболат ағаларымыз бар. Актрисалардан — Сая Токманғалиева, Жанар Қасымова, Айнуір Жетпісбаева мен Инабат Әбенова... олар көп сол үшін тағы басқалары дейін. Бұл әртістердің әр рөлі — мен үшін үлкен сабақ. Қ.Қуанышбаев театры — мықтылар мекені. Әрқайсысының дарыны бір төбе. Осындай тұлғалармен бір сахнада жүру — мен үшін үлкен мәртебе.

РЕЖИССЕРЛЕРДЕН СҰРАЙТЫНЫМ — СЕНІМ

— Актерлік мамандықтың сіз үшін ең күрделі әрі ең тәтті тұсы қандай?

—Актерлік мамандықтың мен үшін ең тәтті тұсы — премьерда, нәтиже де емес. Ең қызығы — спектакльге дайындық барысындағы процесс. Қиындығы мен қуанышы қатар жүретін сол уақыт, түйген ойларым, үйренген сабақтарым мен үшін өте құнды әрі қызықты. Әрине, әрбір әртіс үшін көрерменнің ыстық ықыласынан артық бақыт жоқ. Бірақ спектакль аяқталып, премьерда соңына жеткенде ішімде бір қимастық пайда болады. «Осымен болды ма, бітті ме?» деген бір бос қуыс пайда болып, іштей құлазымын. Ал соған дейінгі дайындық кезеңі — ұйқысыз түндер, үздіксіз репетициялар, шаршау жанға ерекше ләззат сыйлайды.

— Театр сіздің өміріңізге қандай өзгеріс әкелді? Ол сізге нені үйретті деп ойлайсыз?

—Театр ең алдымен, менің өмірімде «саяхат» деген ұғымды ашты. Алғаш рет шетелге 2015 жылы Кореяға барып, өнер көрсетуге шықтым, бұл ерекше сезім болды. Одан кейін де Еуропа елдерін аралап, театрдың арқасында түрлі елдің мәдениетімен таныстым. Содан бастап әлемді тануға деген құлшыныс пайда болды. Саяхат

арқылы ой-өрісім кеңейіп, адамдарға, өмірге деген көзқарасым түбегейлі өзгерді. Қазір де сол ұстанымды жалғастырып, қолымнан келгенше жаңа жерлерге баруға тырысамын.

Тағы бір үлкен өзгеріс — театр маған кітап оқуды үйретті. Мектеп кезінде кітап оқу маған жат болатын. Қазір уақытым болса, міндетті түрде кітап оқуға тырысамын.

— Бос уақытыңызда немен айналысасыз? Театрдан тыс қызығушылықтарыңыз бар ма?

—Бос уақытымда парк аралап, жаяу немесе велосипедпен серуендегенді ұнатамын. Егер уақытым көп болса, жоғарыда айтқанымдай, саяхаттап кетемін. Бір қызық әдетім бар: театрдан бос кезімде өзімді мүлде басқа салаларда байқап көргенді жақсы көремін. «Қолымнан тағы не келеді екен?» деп өз-өзімді сынап көремін. Мысалы, бизнес пен сату саласына да бас сұғып көргенмін. Қолымнан келетінін байқап, қатты қуандым. Ашығын айтқанда, мен әлі де өзімді жан-жақты зерттеп, жаңа қырларымды ашып жүрмін.



Шығармадағы кейіпкер туралы берілген ақпаратты алдымен мұқият зерттеу маңызды. Содан соң сол бейнеге ұқсайтын адамды өмірден іздеймін. Оның қылығын, жүріс-тұрысын бойыма көшіруге тырысамын.

— Алдағы уақытта қандай рөлдерді сомдағыңыз келеді? Арманыңыздағы рөл бар ма?

—Өнер адамы болған соң тым қиялшылмын. Шын мәнінде ойнағым келетін рөлдер көп, театрға деген махаббаттан туатын рөлдер: Еңлік, Анар, Ұлпан, Анна Каренина, Жанна д'Арк, тағысын тағылар...

Негізі мен үшін режиссердің маған деген сенімі маңызды. «Міне, мына рөлді сен шығара аласың, сенің қолыңнан келеді» деп сенсе, сол сенімді ақтау үшін барынды салып, жанталасасың. Ал сенімсіздікпен «бола ма, болмай ма?» деп ұсынылған рөлдер, дәл солай «бола ма, болмай ма» болып сол жерде қалады. Сенімсіздік байқаған соң дайындалуға жігерім де, ынтанда болмайды. Сол үшін режиссерлерден сұрайтыным — сенім. Себебі ол актер үшін өте маңызды.

АЙМАҚТАРДАҒЫ ТЕАТРЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ МӘЗ ЕМЕС

— Бүгінде театр әртістерінің әлеуметтік жағдайы жайлы не айтар едіңіз? Бұл салада жүрген жандарға қандай қолдау жетіспейді деп ойлайсыз?

—Жалпы, біздің Қ.Қуанышбаев атындағы театрды алатын болсақ, барлығы жақсы деп толық айта аламын. Су жаңа ғимаратымыз бар, спектакльдерге қажет реквизиттер жеткілікті. Материалдық жағынан да жағдайымыз жақсаруда — жалақы көтерілді, алдағы уақытта пәтер де беріледі деп жоспарланып отыр.

— Кинода әлі көрінбей келесіз. Бұл өз тандауыңыз ба, әлде мүмкіндік болмады ма? Сізді үлкен экраннан қашан көреміз?

—Кез келген өнер адамының арманы — киноға түсу деп ойлаймын. Әрине, менің де үлкен бір қалауым кинода өз орнымды табу. Бірақ бұл жолда мен сапасыз жобаларға емес, сапалы, деңгейі жоғары киноларға түскім келеді.

Киноға түскен соң, көрерменнің көкейінде ұзақ сақталатын, мәні мен мағынасы бар фильм болғанын қалаймын. Әзірге маған нақты ұсыныс түскен жоқ. Бірақ егер ондай мүмкіндік туса, міндетті түрде саралап, сараптап, қалт жібермеуге тырысамын. Көгілдір экраннан қашан көрінерім маған да белгісіз. Бірақ үмітімді үзбеймін. Бұйырған күні, жақсы бір фильм арқылы көрерменмен жүздесемін деген сенімдемін.

— Өнер жолына енді ғана қадам басып жатқан жастарға қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?



—Ең бастысы оқу кезінде театрға деген шынайы махаббат пен ерекше құмарлық болуы керек. Көпшілік бұл жолға селқос қарап, «бірден жұлдыз болам» деген жеңіл мақсатпен келеді. Бірақ ондайлардың өнер жолы қысқа болуы мүмкін. Театрмен ауырып, «мен осы сахнада өнер көрсетемін, мына актерлермен бірге ойнаймын» деген ішкі дерт болмаса, театрды тандаудың қажеті шамалы. Құмарлықпен болмаған дүние, шабытсыз туған рөл мен образ сырт көзге бірден шиік көрініп тұрады. Тағы бір маңызды дүние — кітап оқу. Кітап — өнер адамының бірінші қаруы. Көп оқу, көп зерттеу, зерделеу, үнемі ізденіс үстінде жүру — шығармашылық адамның өсуінің басты жолы.

—Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Рахат ТОКСАНБАЙ,
ЕҰУ студенті

«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Әубәкіров

«Күле білу — өмір,
күлдіре білу — өнер,
күлкі болу — өлім».
Сейіт Ненжеахметұлы

№163

28.06.2025ж

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы

АРА



ТЫШҚАН мен ЖУРНАЛИСТ

Кездесем де дұшпанменен,
Жалған сөзден алыс тұрам.
Қарапайым тышқанменен,
Журналисті салыстырам.

Біріншісі - қазады,
Екіншісі - жазады.
Көп болса да азабы.
Екеуі де тыным таппай,
Арлы-берлі шауып жүреді,
Нәпақасын қарап жатпай,
Мандай термен тауып жүреді.

Біреуі сыбырға,
Біреуі дыбырға елендейді.
Қанша «інді» қазса да,
Қанша «шындық» жазса да
Еңбектері еленбейді.

Өмір дейтін өткелдің,
Екінші тұсы тағы бар.
Яғни, әлеуметтік жағы бар
Бұл жағына келгенде,
«Қазатындардың» бағы бар.

«Қазатындар» ініне келіп,
Тынысын бір кең алып қалады,
Бала-шағасын көзімен көріп,
Улап-шулап демалып қалады.

Көзге оғаштау көрінеді,
Іннің іші бөлме-бөлмеге бөлінеді.
Жатын бөлме, қонақ бөлме,
Төргі бөлме, асхана боп,
Бұл жағынан «қазатындар»
Ұялады масқара боп,
Себебі әлі журналистің,
Бірінде де баспана жоқ....

Алпысбай ӘБДІЛҰЛЫ



ІЗЕТ пен КҮЗЕТ

Болған оқиға ізімен

Жүрегі таза, адамдарға тек
жақсылық ойлайтын жандарды
ізетінен танысыз. Олар көрген
жерде бәйек болып, амандық-
саулығыңызды сұрап, иіліп
тұрады. Мұндай адамдарды көр-
генде «Бәрекелді! Көргенді бала
екен ғой» деп сүйсініп қаласыз.
Мен мұны неге айтып отырмын?
Оған мына бір төмендегі оқиға
себеп болды.

Көңілімде көптен қорда-
ланып жүрген сауалға жауап
алмақ болып әкімдікке бара
қалдым. Шаруамды тез бітіріп
қайтамын деп ойлағанмын.
Мандайым тасқа тигендей жер
болып қайтатынымды білсем,
манайына жолармын ба?

Есік алдында зінгіттей-зін-
гіттей екі жігіт тұр екен. Аман-
дасып, хал-жағдай сұрадым.
Әлгі жігіттің бірі маған сұрлана
қарады. Екіншісі ұрлана қарады.
«Бірнәрсе бүлдіріп қойдым ба?»
деп қуыстана бастадым. Мы-
налар мені осы ұры санап тұр ма
екен? Тінте қарағаны несі?

— Қайда барасыз? — деді
еңгезердей күзетшінің бірі.

— Иә, қарағым! Бір сауалыма
жауап алу үшін әкімге, болмаса
орынбасарына жолығуым керек
еді, — деп жөнімді айттым.

— Сонда не демексіз? — деп
сұрады тағы бірі.

— Енді оны саған емес, әкім-
ге айтамын ғой.

— Әкімнің қабылдауына
жазылып па едіңіз? — деп сұрады
күзетшінің бірі.

— Жок, қарағым! Жазыла-
тындай жүдә жедел шаруам жоқ.
Бар болғаны бір сұрағымға жауап
алсам деп едім.

— Ол қандай сұрақ?

Енді мен қитығайын дедім.

— Жұмбақ. Сендерге айтуға
болмайды.

«Мынау не деп тұр?» деген-
дей, екеуі маған қасқыр көрген
ешкікөзденіп қарады.

— Айтуға болмаса басқа жер-
ге барыңыз. Көке! Жұртқа ке-
дергі келтірмеңіз. Сыртқа шы-
ғыңыз, — деп әлгінің бірі
омыраулап мені ығыстыра бас-
тады.

Мен шаруамды бітірмей
қайтпайтынымды айтып, табан-
дап тұрып алдым.

— Шығыңыз! — деп әмір етті
күзетшінің бірі.

— Ау, қарағым! Бұл — мемле-
кеттік мекеме. Әкімдегілер қа-
раша халықтың мұң-зарың тын-
дау үшін отыр емес пе? Бірауыз
сөз айтып шығайын, — деп бір
табан шегініп, «тергеушілердің»
алдында ізеттілік таныта бас-
тадым.

Күзетшілер менен де басқа
екі-үш кісінің жағасынан ал-
ғандай болып, сыртқа шығарып
жіберді. Сол екі арада бала
көтерген бір келіншек келді.
Оның да шаруасы әкімде екен.
Күзетшілер оны да кіргізбеді.
Бір кезде келіншектің қолын-
дағы бала шырылдап жылай
бастады.

— Жігіттер! Тым болмаса
мына келіншекті кіргізсендерші.
Көріп тұрсындар, баласы қол-
ды-аяққа тұрмай шырылдап
жатыр, — деп мен енді өзімнің
шаруамды ұмытып, келіншекке
ара түстім.

Күзетшілер келіншекті де
келістірген жоқ. «Миымыз су
болып кетті» деп оны да сыртқа
шығарып жіберді.

Сәлден соң екінші қабаттан
бір жігіт түсті.

— Көке! Әкімнің қабыл-
дауына жазылған ба едіңіз? —
деп сұрады менен.

— Жок.

— Онда сізді журналға тіркеп
қояйын. Аты-жөніңізді, теле-
фоныңызды жазып алайын, —
деп әлгі жігіт қалам, қағазын
қолына алды.

— Не шаруаңыз бар еді?

— Оны да осы журналға жа-
зып қоясындар ма?

— Жок. Сұрап жатқаным да.

— Ендеше әкіміңізге айта-
мын.

Бұл жігіт күзетшілерге кара-
ғанда сыпайылау екен. Осы
жерден тоқтады.

— Қайта беріңіз. Өзіміз ха-
барлаймыз. Телефонда бо-
лығыз, — деді әлгі жігіт.

— Сонда қанша уақыт кү-
темін?

— Жақында қабылдауы өтіп
кетті. Енді бір айдан соң қабыл-
дайды.

Ал бір айдан соң мен айтқалы
барған шаруамның түкте мәні
қалмайтын еді. Басым салбырап
үйге қайттым. Мемлекет бас-
шысы Қасым-Жомарт Тоқаев
«Әділетті Қазақстанның эконо-
микалық бағдары» атты Қазақ-
стан халқына арнаған Жол-
дауында «...Ең бастысы,
қоғамдық сана, азаматтардың
ниеті өзгеруі керек. Онсыз басқа
жұмыстың бәрі бекер» демеп пе
еді? Қоғамдық сананың сикы
осылай болса, басқаларға не
жорық? Сонымен қатар «Халық
үніне құлақ асатын мемлекет»
қағидатын нақты іске асыруды
тапсырды. Мемлекет халық үні-
не құлақ асып жатса, әкімдер
неге бұл тапсырманы орын-
дамайды? Әлде, олар басқа елде
өмір сүріп жатыр ма? «Қабыл-
дамаса қабылдамай-ақ қойсын,
бірақ тым болмаса есігін күзетіп
тұрғандарға келушілерге сы-
пайылық, ізет көрсету керек
екенін айтып қоймас па» деп
ойлап келе жаттым.

С.ОЛЖАБАЙ





КҮЛМЕСХАНДЫ КҮЛДІРГЕН КҮЛКІСТАН КІСІ

Сайыпқыран сықақшы Алпысбай БОРАНБАЙҰЛЫ – 75 жаста

Алпысбай кішілік танытып, ағаның сұрақтарына нақпа-нақ жауап берді.

— Өзің сықақ жазасың-ау шамасы, — деп сұрады сосын.

— Жок, жазбаймын. Бірақ жаттап алып, сахнада орындаймын, — деп бұл шынын айтты.

— Өй, ку-ай! Алдап тұсың ғой, ә. Шыныңды айт. Жазасың ғой, ә! — деп іші-бауырына кіріп бара жатқан кісі студентке ұнай бастады.

Жолай кезіккен жақсы ағаға бойы үйренген соң ол қолындағы альбомын көрсетті. Альбомды парақтап отырған ол:

— Мыну менікі! Мынау менікі! — деп өлеңдерді шұқып көрсете бастағанда студент ауызын ашты да қалды.

Әлден соң есін жиып:

— Сіз Шона Смаханұлысыз ба? — деді.

— Иә, Шонамын, — деді ағасы.

Содан кейін альбомын қайтарып берді де:

— Егер бұған дейін сықақ өлең жазбасан, енді жазып көр. Жазғандарыңды маған әкеліп көрсетіп тұр. Мекенжайым: Калинин көшесі, 24 үй, — деді.

Алпысбай бұған дейін Шона ағасының «Ажаркүл женгей», «Апатқа ұшыраған шофердің хикаясы» деген сықақтарын оқып жүрген. Өзі бір көруді армандап жүрген ағасының қарсы алдынан шыға келгені мұндай ғажап болар ма? Екеуі біраз сөйлесті. Алпысбай барып тұратын болып уәде берді. Бірақ Ресейдегі трактор зауытына өндірістік іс-тәжірибеге баратын болды да, ағасымен қоштасып үлгермей жолға шығып кетті. Алтай өлкесінде жүріп, бір ай дегенде бір өлең ғана жазды. Алматыға оралған соң екінші өлеңінің нобайы дүниеге келгендей болды. Екі «балапанын» құшақтап, ағасының үйіне барды. «Қайда жоғалып кеттің?» деп сұрады ағасы. Бұл өндірістік іс-тәжірибеден өту үшін кеткенін айтты. Шоқ тілді Шона ағасы сатира жанрының ерекшеліктері, оны қалай жазу керектігі туралы кеңес берді. Осылайша, ойда жоқта әртіс Алпысбай сықақшы ақынға айналып шыға келді. Міне, содан былай ол «Менің ұстазым-Шона» деп сөйлеуді әдетіне айналдырды.

Ал сатираның соқасына жегілген Алпысбайдың алған асулары тіптен көп. Оны республи-

ликамыздың барлық облысындағы мәдениет басқармалары кездесулерге шақырды. Алпыс жасында ғой, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының қолдауымен алпыс кездесуі өткен. Әуелі Қазақстан Жазушылар одағының Әдебиетшілер үйінде өткен кездесуін белгілі сатириктер Көпен Әмірбек пен Толымбек Әлімбекұлы жүргізді. Сонда ғой Т.Жүргенов атын-

сол вагондағылар түгел «көшіп» келді. Олардан зорға құтылып, ұйықтап кеткен екен, біреу жайлап оятты. «Тұрыңыз, кітабыңызды алайын деп едім» дейді. Мұнан соң қайдан ұйқы болсын? Межелі жерге жеткенше оқырмандарының құшағында болды.

Пойыз демекші, Алпысбайдың аты аталған жерде отарбаның аты аталмай қалуы мүмкін емес.



дағы Өнер академиясының студенттері Алпысбай Боранбайұлының шығармаларынан әдеби композиция қойғаны. Осыдан соң іле-шала Атырау облысында шығармашылық кеші өтті. Кездесуден соң облыстық теледидардың «Әлеумет» атты тікелей эфиріне шақырылсын. Алпысбай «2030 жыл екен», «Қолбаса жегім келеді» атты өлеңдерін оқыды. Көрермендер сурақ қойып жатыр. Бір кезде бір әйел телефон шалып: «Кітаптарыңызды қайдан алуға болады?» деп сұрады. Алпекен тікелей эфирде отырғанын ұмытып кетті. Ынты-шыңтысымен: «Ертең сағат бесте Атырау-Маңғыстау пойызының 3-ші вагоны алдына келіңіз» деп жіберді. Жүргізуші жігіт әдеппен: «ағасы, тікелей эфирде отырсыз, пойызда емес», деп қалғанда барып қайда отырғаны сап етіп есіне түскені. Содан ертесіне пойыз алдына келсе бес-алты адам тосып жүр. Бір келіншек кітабын алып тұрып: «Мынаның ішінде қолбаса бар ма?» деп сұрады. Алпысбай «бар, бар» деп күле жауап берді. Тікелей эфирге хабарласқан келіншек осы екен. Содан пойызға мінбей жатып, бес-алты кітабын сатып үлгерген ол «уф!» деп жата бергені

былайша айтқанда, Алпысбай мен пойыз-егіз. Осыдан жетпіс бес жыл бұрын Түлкібас ауданының Ақбиік ауылында алып бір бала дүниеге келеді. Ысылдап-пысылдап ұйықтайтыны пойыздан аумады екен. Содан ауыл шалдары жиналып, баланың атын Отарба қойғалы жатқанда Боранбай карт тұрып: «алпысымда көрген шырағым еді, атың Алпысбай қояйық» депті. Жиналғандар бұл уәжден асып кете алмаған. Бірақ есейгенде неге екенін кім білсін, Алпысбай пойызға ғаш болғаны сондай, бір мініп алса оңайлықпен түспейтін болды. «Пойызға мінсеңіз, кітап сатып жүр бір семіз» деп өзі ағынан жарылғандай «Бәрі де ақша сұрайды», «Қарыз беріңіздерші», «Тұрыңыздар, сот келеді!», «Қырық күлкі», «Не сатып жүрсің?», «Әдіресім-базар», «Жездеме хат» тағы басқа да кітаптарын пойызда пышақ үстінен талап әкетті. Ол осы пойызда жүріп жақсыны да, жаманды да көрді, солардың бейнесін сомдап, сықақтарын жазды. Кейде тіпті министрмен де, облыс әкімімен де сапарлас болыпты. Ал Бибігүл Төлегенова, Тұңғышбай Жаманқұлов, Роза Рымбаева сынды өнер тарландарымен дәмдес-түздас болғанын

бір бакыт санайды. Пойызда жинақтарын сатып жүріп, кейіпкерлерін тапқан сатирик 6-7 жылда 140 мың дана кітабын сатыпты. Ақын-коммерсант халыққа да қызмет етті, бала-шағасына да нәпақа тапты. Пойызда оны көргендер: «О, Алпысбай аға!» десіп қуанып қалатын.

Мақаламыздың басында Алпысбайды былайғы жұрт «Күлкістан» атайтынын айтыңқырағанбыз. Осы сөзімізге дәлел келтіріп көрейік. 1999 жыл ма екен, әлде 2000 жыл болар, Шымкентте (ол кезде облыс орталығы) сықақшылардың облыстық байқауы өтті. Сахнаға Алпысбай Боранбаев шықты. «2030 жыл екен» деген сықағын оқи бастап еді, «Базар» ААК басқарма төрағасы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Шалқар Әбішев ағамыздың иықтары селкілдеп күле бастады. Әлден соң тіпті, орындығынан құлап бара жатқандай болды. «Ішегі түйіліп қалды ма екен?» деп қатты қорықтық. Негізінен білеміз ғой, Шалқар аға оңайлықпен күле қоятын адам емес-ті. Суықтау кісі болатын. Ал бұл жолы көзінен жас аққанша рахаттанып еркін бір күлгені-ай... Расында, «Күлмесханнның» өзін күлдірген Алпысбай ағаның шымыр шаншымаларын еліміздің талай оқырманы іздеп жүріп оқиды. Мұны кітапханаларға бара калсақ, оқырмандардың Алпысбай ағаның кітаптарын сұрап жатқандарынан да аңғарамыз. Сондай ғой, 140 мың кітап туралы қалың-қалың ойға кететіміз.

Egemen Qazaqstan газеті Балғабек Қыдырбекұлы атындағы жүлдесінің иегері, Түркістан облысы бойынша «2000 жылдың ең үздік ақыны», Түлкібас ауданының құрметті азаматы Алпысбай Боранбайұлы ұятты әзіл-қалжыңдарымен, усойқы тілімен қоғамдық өмірдегі кері кеткен келеңсіздік атаулыны қоғадай жапыратын әлі талай туындыны өмірге әкелеріне көміл сенеміз. Ол әлі де тұғырынан түскен жоқ. Түлкібасының тәкаппар тауларына қарап қойып, әрі-бері заулаған пойыздарға көз тігіп отырып-ақ талай туындыларын жазып тастайды.

«Күлкістанның» атылмаған әлі мың пыстаны бар деп ойлаймыз.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ



28 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ



Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Тұмар – 2025» ұлттық телевизиялық бәйгесі мәресіне жетті. Биыл байқауға қатысу үшін 11 номинация бойынша жетекші республикалық және өңірлік телеарналардан 300-ден астам өтінім келіп түсті. Шорт-листке 44 жұмыс енді. Жеңімпаздарға «Тұмар» мүсіншесі мен 1 миллион теңге көлеміндегі қаржылай сыйақы берілді. Айтулы кеште Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин журналистерді кәсіби мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. «Хабар» агенттігіне 30 жылдық мерейтойы қарсаңында арнайы жүлде табыстады.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«Тұмар – 2025» ұлттық телевизиялық бәйгесі биыл 9-шы рет ұйымдастырылып отыр. Марапаттау рәсімі төрт кезеңнен тұрды. «Жылдың ең үздік репортажы» аталымы бойынша МИР телеарнасы «В гостях у кочевников» репортажы топ жарып, жүлдеге ие болды. Ал «Үздік ақпараттық-сараптамалық бағдарлама» номинациясы бойынша 24KZ телеарнасы ұсынатын President бағдарламасы үздік номинацияға лайық болды.

QAZSPORT телеарнасының тілшісі Ерік Ерсін — «Ең үздік спорттық комментатор» номинациясына ие болды. Шара барысында ол әріптестерін құттықтап, алғысын айтты.

«Әріптестерді кәсіби мерекемен құттықтаймын. Үздік спорттық комментаторға лайық көргендеріңізге алғысым шексіз. Қазір қазақтілді спорттық



«ТҰМАРДАН» ТҰМАР таққандар



бағдарламалардың саны да, деңгейі де өсіп жатыр. Оған «Қазақстан» телерадиокорпорациясы тікелей қолдау көрсетіп келеді. УЕФА Чемпиондар лигасының финалын үлкен стадионнан тікелей жүргізіп қайттық. Мақсатымыз — көрерменге ақпаратты дер кезінде көрсету», — деді жүлдегер Ерік Ерсін. «Ең үздік журналистік зерттеу» номинациясы «АЭС және энергетикалық қауіпсіздік» атты материал ұсынған ATAMEKEN BUSINESS телеарнасына бұйырса, «Жылдың ең үздік телехикаясы» аталымын «31 арна» ұсынған «12:00» телехикасы иеленді.

Ұлттық телевизиялық байқаудың тағы бір номинациясы —

«Үздік балалар тележобасы». Бұл номинацияға TURKISTAN TV телеарнасының «Түркістан сакшылары» атты анимациялық фильмі лайық болды. Айта кетейік, үздік шыққан «Түркістан сакшылары» — жасанды интелект көмегімен жасалған туынды. Тележобаның авторлары — TURKISTAN TV телеарнасының директоры Жанна Жайлаубайқызы және IT-маман Ғасыр Құралбайұлы.

«Бала құқықтарын қорғау — мемлекет саясатының ең маңызды бағыттарының бірі. Мемлекет басшысы балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударып келеді. Бұрын интернет бірінші қалаға, кейін барып ауылға жететін. Ал қазір техно-

логиялық мүмкіндіктер екі жаққа да бірдей жылдамдықпен жетеді. «Түркістан сакшылары» — жасанды интелектің көмегімен жасалған Қазақстандағы медиакөңістіктегі алғашқы мультисериал. Осыны жасау арқылы Түркістандағы технологиялық жетістіктердің соны жылдамдығын көрсеттік. Стив Джобстың оқиғасы кішкентай баладан басталса, ғасырдың оқиғасы медианың кішкентай әрекетінен басталады», — деді TURKISTAN TV телеарнасының директоры Жанна Жайлаубайқызы.


«Тұмар – 2025» ұлттық телевизиялық бәйгесінің «Ең үздік әлеуметтік тележоба» номинациясына лайық болған JIBEK JOLY телеарнасы «Таза қала» тележобасы болса, «Ең үздік өңірлік телеарна» Saqarqa телеарнасы атанды. Ал «Ең үздік тележурналист» номинациясын QAZAQSTAN TV телеарнасының тілшісі Акерке Бектас иеленсе, «Ең үздік тележүргізуші» номинациясына «Хабар» телеарнасының тілшісі Мөлдір Доспаева лайық болды.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай арнайы жүлде «Еуразия» телеарнасының ұжымына бұйырды. Марапатты Парламент Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп тапсырды.

Айта кетейік, «Тұмар» ұлттық телевизиялық бәйгесі 2017 жылы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің бастама-сымен құрылған. Жеңімпаздар қазақстандық телевизияны дамытуға қосқан үлесі үшін «Тұмар» мүсіншесі мен 1 миллион теңге көлемінде ақшалай сыйақы алады.

МАРИЯ МУДРЯК ҚЫТАЙДА ӨНЕР КӨРСЕТЕДІ

Қазақстандық опера әншісі Мария Мудряк Қытайда В. Моцарттың «Фигароның үйленуі» операсындағы графиня Альмавива партиясын алғаш рет орындайды.



Қойылымдар 15, 17 және 19 шілде күндері Бейжіңдегі Ұлттық орындаушылық өнер орталығында өтеді. Ал 8-10 тамыз аралығында әнші Сиань қаласындағы Grand Opera House сахнасында өнер көрсетеді.

Бұл — Мария Мудряктың Қытайға бесінші гастрольдік сапары. Бұған дейін осы операда Сюзаннаның партиясын орындаған әнші биыл алғаш рет графиня Альмавиваның ролін сомдайды. Бұл кейіпкердің терең әрі қарама-қайшы сезімдері туындыға ерекше драмалық әсер мен эмоциялық тереңдік береді.

Айта кетейік, Мария Мудряк Қазақстанда дүниеге келген. Ол бала кезінен-ақ ән айтуға қызығып, 10 жасынан бастап Италияда вокалдан дәріс алған. Сол жерде Ла Скала театрының балалар хорында шығармашылық жолын бастап, кейін Миландағы Дж. Верди атындағы консерваторияны тәмамдады. Қазір ол әлемнің жетекші опера сахналарында өнер көрсетіп жүр және әлемдегі ең үздік он сопраноның бірі саналады.

Өншінің Қытайға сапары — оның халықаралық мансабындағы тағы бір маңызды қадам. Бұл гастрольдік сапарда қытайлық көрермен өнерпаздың қайталанбас зор дауысы мен актерлік шеберлігін тамашалай алады.

**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыБотагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баиян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4610
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,